



ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ОРТАҚ МҮДДЕ

3



ЖАСТАР СУ БАСҚАН АЙМАҚҚА ЖӨРДЕМ БЕРДІ

4



ӘЛ-ФАРАБИ ӘЛЕМІ

Халықаралық
ғылыми-тәжірибелік
конференция өтті

8

ТУРИСТЕР ҮШІН ТАРТЫМДЫ ҚАЛА

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, 2023 жылы Алматыға жалпы саны 2 038 417 турист келген. Бұл көрсеткіш 2022 жылмен салыстырғанда 12,6%-ға және 2019 жылғы пандемия алдындағы деңгейден 52,7%-ға артық.



Айнабай
МӘДИ

Шетелдік туристер санының 2022 жылмен салыстырғанда өсімі 29,5%-ды (540 744 адам) құрады, бұл Алматыны Қазақстанның басқа қалалары арасында көшбасшы екенін айқындады. 2019 жылмен салыстырғанда қаладағы шетелдік туристер саны 24,1%-ға өсті.

Туризм саласында жұмыспен қамтылғандар саны 10,4%-ға өсіп, 80 983 адамды немесе Алматы қаласының жалпы жұмыс істейтін халқының 7,7%-ын құрады. Туризм саласына инвестицияның 47,7%-ға өсімі 106,4 млрд теңгеге жетті, бұл негізгі капиталға салынған инвестицияның жалпы көлемінің 6%-ы.

Өткен жылы Алматы қаласының туризм секторындағы салық түсімдері 64%-ға өсіп, 71,7 млрд теңгені құраса, жергілікті бюджеттің жалпы салықтық түсімдеріндегі үлесі 5%-ға жетті.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Қалалық туризм басқармасының мәліметінше, көрсеткіштердің өсуі Алматының туристік бағыт ретінде тартымдылығының артқанын көрсетеді. Өз кезегінде туристік қызметтер мен инфрақұрылымға сұраныстың артуы туризм саласына инвесторлар тарту үшін, жаңа жұмыс орындарын құру және сапалы қызмет көрсетуді үшін жақсы көрсеткіш.

2023 жылы туризмді дамытуға жергілікті бюджеттен 2,1 млрд теңге бөлінді. Бұл ретте жұмсалған 1 теңге салық түрінде бюджетке 34,14 теңге көлемінде қайтарылды, бұл ту-

ризм саласының қала экономикасына қосқан оң үлесі мен тиімділігін көрсетеді.

Соңғы 5 жылда Алматыда 1345 нөмірі бар 12 қонақүй ашылды, оның ішінде желілік қонақүйлер де бар (Hilton, Accor және InterContinental). 2027 жылы бөлмелер санын 1,5 есе ұлғайтып, 17 мың бөлмеге жеткізу жоспарлануда. Ағымдағы жылдың маусым айында Алматы халықаралық әуежайында екі есе көп келушілерді (14 млн адамға дейін) қабылдауға мүмкіндік беретін жаңа жолаушылар терминалын іске қосу күтілуде.

7

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №28 (6479) 5 сәуір, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



ПРЕЗИДЕНТ СУ БАСҚАН АУМАҚТАРДЫ АРАЛАДЫ



Мемлекет басшысының Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары қарғын су басқан аумақтарды тікұшақпен аралап көруден басталды. Қасым-Жомарт Тоқаев Теректі, Сырым және Қаратөбе аудандарындағы қалыптасқан жағдаймен танысты.

2

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

5.04.2024

Түнде:

+5+7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+18+20 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

6.04.2024

Түнде:

+5+7 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:

+18+20 °C
Көшпелі бұлтты, күннің
соңында жаңбыр, найзағай.

Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 15-20м/с

www.almaty-akshamy.kz





ПРЕЗИДЕНТ СУ БАСҚАН АУМАҚТАРДЫ АРАЛАДЫ



(Дереккөз: aqorda)

(Басы 1-бетте)

Облыс әкімі Нариман Төреғалиев Президентке бүгінде 6 аудан мен Орал қаласын су басқанын баяндады. Қарғын су 552 тұрғын үйге, 427 саяжай теліміне зиян келтірген. Өңір басшысының айтуынша, су тасқынына қарсы шараларға 1911 адам, 332 техника, 101 мотопомпа, 1 тікұшақ жұмылдырылған. Сонымен қатар, құтқару жұмыстарына Алматы және Маңғыстау облыстарының құтқарушылары атсалысып жатыр. Қарғын су басқан аумақтардан 6505 тұрғын көшірілген, жедел-эвакуациялау пункттері құрылған. Зардап шеккендерге біржолғы материалдық көмек көрсету үшін жергілікті бюджет есебінен 63 миллион теңге қаржы бөлінді. Су айдау, нысандардың жан-жағын топырақпен қоршау және су жүретін құбырларды кеңейту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Қаратөбе ауданындағы эвакуациялық пунктке барды

Президент су басқан аумақтарды тікұшақпен аралап шыққаннан кейін аудан орталығындағы Қажым Жұмалиев атындағы мектеп-гимназия базасында орналасқан эвакуациялық пунктке барды. Мемлекет басшысы гуманитарлық көмекті тарататын пункттің жұмысымен танысып, су тасқынына байланысты жақын маңдағы ауылдардан көшірілген тұрғындармен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев тұрғындармен әңгімелесу барысында мұндай көлемдегі тасқынның бұрын-соңды болмағанына назар аударды. Оның айтуынша, осыған ұқсас жағдай 1994 жылы болған. Бірақ биылғы тасқын одан да асып түсті. Президент шығындарды өтеу үшін мемлекет барлық қажетті шараны қабылдайтынын айтты.

— Хал-жағдайларыңызды білу үшін арнайы келіп отырмын. Бұл — бұрын-соңды болмаған үлкен табиғи апат. Сондықтан бәріміз бір ел, бір халық болып әрекет етуіміз керек. Мемлекет, Үкімет баршаңызға қолдауын береді. Материалдық, қаржылық көмек көрсетеді. Оған еш алаңдамаңыздар. Бәрі дұрыс болады, — деді Президент.

Кездесуде жергілікті тұрғындар Жаксыбай және Қалдығайты өзендеріне көпір салып беруді, сондай-ақ ауыл маңындағы бөгеттерді жаңғыртуды сұрады.

Мемлекет басшысы аталған мәселе бойынша Үкіметке тиісті тапсырма беретінін

жеткізді. Сонымен қатар, қарғын суды халықтың игілігіне пайдалану қажет екенін атап өтті.

Су тасқынына байланысты жедел штабтың отырысын өткізді

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен төтенше жағдай жөніндегі жедел штабтың отырысы өтті.

— Қазір тиісті мекемелердің бәрі белсенді түрде жұмыс істеп жатыр. Бірқатар аймақты қарғын су басып қалды. Кейбір жерде тасқын су көтеріліп жатыр. Бұл — табиғи апат. Қысқасы, алдымызда тұрған жұмыс өте ауқымды. Бәріміз бір ел, бір ұжым болып осы апатты еңсеруіміз керек. Басқа жол жоқ. Тасқын судың салдарын жою үшін нақты шаралар қолға алынды. Қауіп-қатердің алдын алу жұмыстары атқарылуда. Менің тапсырмам бойынша облыстардың әкімдері жұмысқа белсенді кірісті, — деді Президент.

Мемлекет басшысы су тасқынына қатысты жағдай әлі де өте күрделі екенін атап өтіп, мұндай көлемдегі тасқынның бұрын-соңды болмағанына назар аударды. Оның айтуынша, осыған ұқсас жағдай 1994 жылы болған. Алайда, қазіргі су тасқыны одан әлдеқайда ауқымды.

— Мен зардап шеккен аудандарды аралап шықтым. Апаттың ауқымын, шығынды көріп отырмын. Қаншама дүние-мүлік, электр желілері судың астында қалды. Жолдар мен көпірлер шайылып кетті. Барлық негізгі мәселе шешілгеннен кейінгі ең басты міндет — қайта қалпына келтіру. Үкіметке жаңа типтегі үйлер салу немесе бұрыннан бар үйлерді реконструкциялау жөнінде арнайы жоспар әзірлеуді тапсырдым. Бұл мәселені оңтайлы шешіміз деп ойлаймын. Ахуалдың ауыр екенін бұған дейін де айттым. Үкіметтің, Республикалық штабтың жетекшілігімен облыс әкімдері бұл міндетті дұрыс атқарады деп санаймын, — деді Президент.

Мемлекет басшысы облыстағы ауа райы болжамының қолайсыздығын атап өтіп, су тасқыны жағдайының ушығуына дайын болу қажет екенін айтты.

— Бұл — табиғи құбылыс екенін бәріміз түсінеміз. Қардың еруі және тоңның қалың болуы салдарынан топырақтағы ылғал мөлшері жоғары болды. Содан кейін күн күрт

жылынып, жауын-шашын жиіледі. Өкінішке қарай, биыл осы факторлардың барлығы қабаттасып кетті. Бұдан сабақ алуымыз керек. Су тасқыны кезеңіне жыл сайынғы дайындық жұмыстары жаз-күз мезгілдерінде басталып, үш бағытта жүргізілуі қажет. Ең алдымен, бұл — болжам, сараптама жасау сипатындағы шаралар. Гидрометеорологиялық қызмет болжам деректерін мұқият талдап, алдағы су тасқыны кезіндегі жағдайдың өрбу сценарийлерін дайындауға тиіс, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы су тасқынының кері әсерін алдын ала ескертуге және жоюға бағытталған ұйымдастыру-алдын алу, инженерлік-техникалық, сондай-ақ шұғыл шараларды жүзеге асырудың маңыздылығына тоқталды.

— Елімізде тиісті сала мамандарының тапшылығы проблемаға айналып отыр. Аталған жағдай осы тұйықтанды анық көрсетті. Кезінде білім саласындағы бұл бағытты елеусіз қалдырдық. Енді олқылықтың орнын толтырып, гидротехник, ирригатор, жалпы су саласына байланысты мамандарды тез арада даярлауымыз керек, — деді Мемлекет басшысы.

Президент Үкіметке, уәкілетті органдарға, облыстардың әкімдеріне қысқа мерзімде жаңа тұрғын үй салу және үйлерді жөндеу, коммуналдық, әлеуметтік инфрақұрылымды тез арада қалпына келтіру үшін шаралар қабылдау, күнделікті тұтынатын азық-түлік пен аса қажетті тауарлардың бағасын бақылау жөнінде бірқатар тапсырма берді.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы малдың жаппай қырылуына байланысты ушыға түскен эпизоотологиялық жағдайға арнайы тоқталды.

Қасым-Жомарт Тоқаев болашақта су тасқынының алдын алу шараларына айрықша мән беруді тапсырды.

— Көктем мезгілінде қар шығару, өзендердің қауіпті учаскелеріндегі мұзды жару, қарғын су жүретін арналар жасау және басқа да қажетті шаралар алдын ала жүргізілуі тиіс. Жаз-күз маусымында өзендердің арналарын уақытылы тазалауды, табанын тереңдетуді және сағаларын кеңейтуді, автомобиль мен теміржолдардың бойындағы қолданыстағы су өткелдерінің қуаттылығын арттырып, жаңасын салу қажет. Қорғаныс бөгеттері мен су жүретін каналдар салу керек. Бұл міндет Республикалық штабқа және Үкіметке жүктеледі, — деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, Президент суы мол өзендердің арнасын реттеу үшін су қоймаларын салу маңызды екенін айтты. Соның арқасында көктем-жаз мезгілінде шаруашылық үшін қажетті су қорын сақтауға мүмкіндік болады.

— Табиғи және техногенді апаттардың алдын алу үшін Төтенше жағдайлар министрлігіне орталық және жергілікті атқарушы органдарға бақылау жүргізу құқығын беру керек. Мұны заң жүзінде бекіту қажет, — деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент мемлекеттік органдардың төтенше жағдай кезіндегі бірыңғай әрекет ету алгоритмін әзірлеу қажет деп санайды. Оның пікірінше, бұл құжатта төтенше жағдай режимін жариялаудан бастап, келтірілген шығынды өтеуге және дүние-мүлікті қалпына келтіруге дейінгі барлық құзырлы органның міндеттері мен іс-қимылы нақты қамтылуы керек.

Жиын барысында Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев, Премьер-министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев, Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов, Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, «Қазгидромет» РМК бас директоры Данара Әлімбаева баяндама жасады.

Құтқарушылармен және еріктілермен кездесті

Қасым-Жомарт Тоқаев Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапары кезінде ішкі істер органдары, Төтенше жағдайлар департаменті, Ұлттық ұлан қызметкерлерінен құралған құтқарушылар тобымен және су тасқынына қарсы шараларға белсенді қатысып жатқан еріктілермен жүздесті.

Кездесу барысында Президент табиғи апатпен күреске атсалысқан барлық азаматқа ризашылығын білдіріп, олар бүкіл еліміз үшін өте маңызды, игі іс атқарып жүргенін атап өтті.

— Көп ұзамай бұл жұмыстар да аяқталады. Қиындықты қалай да еңсереміз. Осында еңбек етіп жүрген құтқарушылар, полициялар, еріктілер лайықты деңгейде марапатталады. Бұл міндетті түрде менің бақылауымда болады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

«АЛАТАУ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).



БАЙЫПТАМА

ОРТАЛЫҚ АЗИЯ – ОРТАҚ МҮДДЕ

Жаһандық геосаяси жағдай бізді қамтыған аймақтың маңыздылығын арттыра түсті. Бұл өз кезегінде аймақтағы сыртқы күш орталықтарының қадамын жиілетіп жіберетінін бұған дейін де айтып келгенбіз. 2023 жылдың картинасынан біз оны анық аңғардық. Қытай, АҚШ пен Еуропа сынды мүдделі тараптардың Орталық Азиямен қатысуы бұрынғыдан белсенді бола түсті. Ал Мәскеу іргесінде болған лаңкестік шабуыл Орталық Азия мен Ресей қарым-қатынасында жаңа сын-қатерді алға шығарды. Әрі осы сын-қатерлердің бір бетінде терроризм мәселесінің тұруы да көңіл аудартады. Кезекті мақаламызда осы мәселеге көңіл бұра отырып, аймақтағы қазіргі жалпы картинаға көз жүгіртуге тырысатын боламыз.

Жаңа сын-қатерлер алаңдатады

Ең әуелі мына сұрақты қарастыруға тура келеді: Ресейдегі лаңкестік шабуыл аймақ елдері мен Мәскеу қарым-қатынасына қалай әсер етеді? Мәселе Мәскеудің терроризмге қарсы іс-қимылдары Орталық Азиядағы бірқатар елдің экономикасына тікелей әсер етуінде жатыр. Ресми мәліметтерге қарағанда, Ресейде Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстаннан барған 10,5 миллион мигрант жұмыс істейді. Тіркелмегендерді қосқанда бұл сан бұдан әлдеқайда үлкен болуы мүмкін. Осы еңбек мигранттарының өз үйіне жіберген ақша аударымдары елдің жалпы экономикасында аса маңызды орынды ұстайды. Айталық, Тәжікстанның жалпы ішкі өнімінің 48 пайыздан астамы шетелдегі мигранттардың аударған ақшаларынан тұрады. Өзбекстан мен Қырғызстан экономикасы үшін де Ресейдегі жұмыс істеп жатқан азаматтарының ақша аударымы аса маңызды.

Кремль пәрменімен террорлық қауіпке



Коллажды жасаған Нұрбоосын ӨРІСҚҰЛЫ.

қарсы қимыл қатаң жүргізіліп жатыр. «Крокус Сити Холл»-да лаңкес ретінде айыпталғандардың Тәжікстан азаматы болуы, оқиғаға Қырғызстан азаматының да қатысты болып шығуы сынды фактілер ресейлік қоғамға орта азиялық иммигранттарға деген наразылық көңіл күйді өршітті. Бұған дейін де анти-исламистік көзқарастарды өршіткен бірқатар оқиғалар болғаны мәлім. Ресей қоғамында елдің демография мәселесіне байланысты мигранттарға болған қысым соңғы жылдары жиілегені тағы бар. Соңғы оқиғадан кейін Орта Азиядан баратын еңбек мигранттарын шектеу туралы да түрлі ұрандар көтерілді. Әрі ресейлік күштік құрылымдардың қатаң әрекеті Тәжікстан, Қырғызстан және Өзбекстаннан барған мигранттардың Ресейде жұмыс істеуіне үлкен кедергілер келтірді.

Міне, осы арада Орталық Азия – Ресей қарым-қатынасына кері әсер беретін жаңа сын-қатерлердің ұшы шығады. Ресейдің терроризмге қарсы, өзіне қауіпті делінген өзге

мәселелерге қарсы ұстанымдары қатаң бола түскен сайын, аймақ елдерімен мүдде алшақтығы асқына түсуі мүмкін.

Күштер теңгерімін сақтау қиындай түседі

«Крокус Сити Холл» оқиғасынан кейін аймақтағы бірқатар елдің басшылары Мәскеумен мәселеге байланысты пікір алмасты. Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон Ресей президенті Владимир Путинмен арадағы диалогы «террористерде ұлт болмайды» деген ұстанымға ортақтасты. Алайда, сырт елдердің сарапшылары Ресейдің алдағы қадамдары тіпті де қатаң бола түсуі мүмкін деген болжамдарды да алға тарта бастады. Тіпті, Батыс елдерінің кейбір ақпарат құралдарында Ресей терроризмге қарсы күрестен пайдалана отырып, аймақтағы әлсірей бастаған позициясын қайта тіктейді деген де уәж келтіреді. Мәскеу Украина мәселесіне баса назар аударуы оның

Орта Азиядағы позициясының әлсіретіп жіберді деген көзқарастар осыған дейін айтылып еді. Мәскеу жанындағы лаңкестік шабуылдан кейінгі Ресейдің әрекеттері ОА аймағындағы позициясын қайта пысықтауға бағытталады дегенді білдіргісі келеді.

Осы тұста Ресейден басқа аймақтағы мүдделі сыртқы тараптар бір-бірінің қадамдарына баса назар аударып отырғанын байқаймыз. Айталық, америкалық және өзге батыстық кейбір ақпарат құралдары осы аптада Орта Азия елдері мен Қытай арасындағы дипломатиялық қатысулардың арта түскенін жазып жатыр. «Мәскеу түбіндегі жойқын лаңкестік әрекеттен кейін екі аптаға жуық уақыт өткен соң Қытай Ресейдің дәстүрлі ықпал ету аясы саналатын Орталық Азияға екі жоғары деңгейдегі делегациясын жіберді. Оларды осы елдердің президенттері мен басқа да жоғары лауазымды тұлғалары жылы қарсы алды», – деп жазады «Америка дауысы».

Айтпағымыз, мұнда сөз етілген дипломатиялық қатысулар емес, керісінше кәдуілгі және лаңкестік шабуыл оқиғасынан әлдеқайда бұрын жоспарланған дипломатиялық кездесулерге Батыс ақпарат құралдарының назар аударуында. Әрине, аймақ елдері көпвекторлы сыртқы саясатты ұстанады. Әрі бұл қазір Қазақстанның және аймақтың өз мүдесіне сай. Біз барлық тараппен тең дәрежедегі ынтымақтастық, серіктестік, достық мәмілелерді сақтау ұстанымын барынша қолдап келеміз. Дегенмен, сыртқы ірі күштердің өзара бәсекелестік қарым-қатынасы күшейген сайын аймақтағы күш теңгерімін сақтау барған сайын қиындай түскенін байқадық.

Аймақ интеграциясы ортақ мақсатқа айналуы керек

Қалыптасқан және жаңадан пайда болған сындарды онды еңсеруде аймақ елдерінің ортақ ұстанымы мен интеграциясы ең маңызды. Себебі, қазір жаһандық тұрғыда аймақ бір геосаяси аймақ ретінде қарастырылып отыр. Әлемдегі дағдарыс нүктелеріндегі температура әлі де жоғары күйде, әрі бұл жақын арада шешілетін дағдарыс емес. Әлем елдерінде сенім дағдарысын, халықаралық тәртіпті қалпына келтіру немесе нығайтуда ұстаным бірдей болмай отыр. Осы үрдістен қарағанда аймақтағы бес ел өзінің сыртқы саясаттағы ұстанымдарын жеке-жеке қорғауы қиындай түседі. Сондықтан Орталық Азия аймақтық ортақ мақсаттарды айқындап, интеграцияны қарқынды дамытуға мүдделі.

Естай БОЖАН,
сарапшы.



САРАПТАМА

ПАРЛАМЕНТТЕГІ КЕЙ ФРАКЦИЯЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІ ТӨМЕН

Біз әдеттегідей Мәжіліс депутаттары мен фракциялардың уәкілетті органдарға сауалдарын талдауды жалғастырамыз. Бұл жолы депутаттардың наурыз айында жолдаған сауалдарын талдадық. Жалпы тенденция сол баяғы. Кім басшы, кім қосшы дегенге келер болсақ, ауыз көпіртіп айтатындай өзгеріс бола қойған жоқ. Десе де, фракциялардың сауалдарды жеке жіберу тенденциясы байқалады. Осы және өзге де қызық жайттар жайлы сөз өрбітсек.

Қыркүйектегі деңгейге әлі жете қоймады

Мәжілістің VIII шақырылымы II сессия аясында жұмысын жалғастыруда. Парламент іске кіріскеніне үй ай болды. Бірақ әлі күнге дейін былтыр қыркүйектегі нәтижеге жете алмады. Қантарда – 45, ақпанда – 60 сауал жолданса, наурыз айында – 58 сауал жолданған. Былтыр қыркүйекте – 66 сауал жолданғанын ескерсек, Мәжілістің жұмысында теріс динамика байқалатынын көреміз.

Айы	Барлығы	AMANAT	«Ақ жол»	ҚХП	«Ауыл»	Respublica	ЖСДП
Қыркүйек (2023)	66	32	10	7	6	3	3
Қантар (2024)	45	19	4	5	3	3	2
Ақпан	60	29	7	5	2	3	2
Наурыз	58	27	10	6	4	1	1

AMANAT көшбасшы Respublica және ЖСДП көш соңында

Наурызда Мәжілістегі фракциялар арасында саяси бәсеке



байқалмады. AMANAT билеуші партия ретінде сауал жолдау бойынша көшбасшы. Мәжілістегі өзге партиялар оған бәсе бола алмады. 58 сауалдың 29-ын «аманаттықтар» жолдаған.

Бұрынғы коммунистер жаңа жылды белсенді бастап еді. Алайда, соңғы екі айда бір қарқында жұмыс істеп келеді. Қантар мен ақпанда 5 сауалдан, ал наурызда 6 сауал жолдаған. Есесіне, «Ақ жол» партиясының депутаттары белсенділік танытуда. ҚХП қаңтарда ақжолдықтарды үшінші орынға ығыстырып еді, бірақ соңғы екі айда өздері үшінші орынға жайғасты. «Ақ жол» партиясы 10 сауал мен екінші орынға жайғасты. Respublica партиясы жылды белсенді бастаған болатын. Ақпанда да сол қарқынын сақтап қалды. Бірақ наурызда бел-

сенділік төмендеген. Алғашқы екі айда 3 сауалдан жолдаса, наурызда біреу ғана дайындаған. Оппозициялық ЖСДП фракциясы да республикалықтармен бір деңгейде жұмыс істеген. «Ауыл» партиясы фракциясының да жұмысы бәсеңдеткен.

Қалған 9 сауалды фракция депутаттары мен бірмандатты округтар бойынша сайланғандар бірлесіп жазған.

Бірлесе көтерген жүк жеңіл ме?

Былыр бастамашы болған фракцияға бірігіп сауал жолдау тенденциясы байқалған. Бірақ биыл керісінше фракциялардың жеке сауал жолдау тенденциясы жүруде. Мысалы, қыркүйекте ҚХП – 28 сауалға қосылса, наурызда 12-ге түскен.

Ақпанда «Ақ жол» фракциясы белсенділік танытқан болса, бұл жолы ҚХП көш бастап тұр.

Өзге партияға бірлесе жазғаны	AMANAT	«Ақ жол»	ҚХП	«Ауыл»	Respublica	ЖСДП
Қыркүйек (2023)	13	7	28	13	15	11
Қантар (2024)	8	4	4	4	4	5
Ақпан	5	10	9	4	4	5
Наурыз	8	7	12	10	6	8

Билеуші партияның көлеңкелері

Наурыз айында да Мәжілістегі фракциялар билеуші AMANAT партиясының бастамаларын қолдауда. Ақпанда «Ақ жол» партиясы белсенді болса, наурыз айында ҚХП фракциясы билеуші партияның бастамаларын көбірек қолдаған. Олар «аманаттықтардың» 10 сауалына қосылған.

Көрсеткіш	AMANAT	«Ақ жол»	ҚХП	«Ауыл»	Respublica	ЖСДП
Қай партиямен бірлесе жазған?	Ақ жол – 4 ҚХП – 3 Ауыл – 1	AMANAT – 6 ҚХП – 1	AMANAT – 10 Ақ жол – 1 Respublica – 1	AMANAT – 8 ҚХП – 2	AMANAT – 4 Ауыл – 1 ҚХП – 1	AMANAT – 5 ҚХП – 3

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЖАСТАР СУ БАСҚАН АЙМАҚҚА ЖӨРДЕМ БЕРДІ

Алматыдан су тасқынынан зардап шеккен өңірлерге 10 тоннадан астам гуманитарлық көмек жіберілді. Алмалы ауданы комьюнити-орталығында ашылған қабылдау пункті 29 наурыздан бастап жұмыс істеп жатыр. Күн сайын алматылықтар зардап шеккен өңірлерге өз үлестерін қосып, қажетті заттарды әкелуде.



Ернұр
РЫСБАЙ

Жәрдем қолын созуға қала тұрғындары, кәсіпкерлер және белсенді жастар атсалысты. Нәтижесінде 6 күннің ішінде 10 тоннадан астам гуманитарлық көмек жиналды. Атап айтқанда, 2,5 тоннадан астам киім, 1 тоннадан астам гигиеналық құралдар, 3,5 тоннадан астам азық-түлік, тұрмыстық заттар және т.б. бар. Алматы қаласы Жастар саясаты басқарма басшысының орынбасары Әзиз Кажденбек гуманитарлық көмекті жинауға атсалысқан алматылықтарға қала әкімдігі атынан алғыс білдірді.

– Гуманитарлық көмекті жинауға әртүрлі жастағы адамдар қатысты: жастар, зейнеткерлер жалпы еліміздегі болған жағдайға бей-жай қарамайтын жандар. Игі іске атсалысқан қаламыздың әрбір тұрғынына белсенділіктері мен қолдаулары үшін қала әкімдігі атынан алғысымды білдіремін. Сонымен қатар, қиын сәттерде біздің волонтерлердің еңбегін ерекше атап өткім келеді. Еріктілердің еңбекқорлығымен мен қала тұрғындарының арқасында, біз су басқан аймақтарға аз уақыт ішінде көмек қолын созып жатырмыз, – деді Алматы қаласы Жастар саясаты басқарма басшысының орынбасары Әзиз Оралбекұлы.

Гуманитарлық көмек қабылдау пунктінің жұмысына қаланың 30-дан астам ірі волонтерлік ұйымынан 100-ден астам еріктілер жұмылдырылды.

– Бүгін біз Батыс Қазақстан облысына гуманитарлық көмектің 1 партиясын жіберіп жатырмыз. Жиналған заттарды БҚО-на «Air Astana» жəне «Fly Arystan» компаниялары тегін жеткізіп беруге ниет білдірді. Осы мүмкіндікті пайдаланып, үлкен қолдау көрсеткені үшін аталмыш компаниялардың басшылығына, қала тұрғындарына алғысымды білдіргім келеді, – деді Алматы қаласы волонтерлер фронт-офисының жетекшісі Бағдат Анарбаева.

Бұған дейін Алматылық волонтерлер Түркиядағы жер сілкінісінен зардап шеккендерге 50 тонна, Абай облысындағы өрттің салдарынан зардап шеккендерге 5 тоннадан астам гуманитарлық көмек жинаған. Волонтерлер фронт-офисі демеушілер тарта отырып, 1 жылдың ішінде аз қамтылған 10 мың отбасыға, 350 жетім балаға, 800-ден астам картқа көмек көрсеткен.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Гуманитарлық көмекті күн сайын сағат 10.00-ден 19.00-ге дейін тапсыруға болады. Гуманитарлық көмек келесі санаттарға бөлінеді: азық-түлік, ауызсу, күнделікті тұтынар заттар (көрпе, ұйықтайтын қап, жастық, т.б.). Тұрмыстық заттар (шатыр, термос, шам қуаттағыш, шәйнек, балалар ыдыстары, т.б.). Гигиеналық құралдар (жөргек, әйелдер гигиенасы құралдары, сабын, тіс пастасы, сусабын, майлық, дәретхана қағазы, тазартқыш заттар мен т.б.), дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы қажеттіліктер, киім (сырт киім мен аяқкиім).

КЕРЕК КЕҢЕС

Маңызды! Киім мен заттар таза, ал тұрмыстық заттар толық жұмыс істеп тұрған және ақаусыз болуы керек. Гигиеналық заттар жаңа, дәрі-дәрмектің жарамдылық мерзімі өтпеген және қолданылуы жөніндегі нұсқаулық болуы керек. Барлық ниет білдіруші Алмалы ауданының комьюнити-орталығына хабарласып, қажетті заттарды тапсыра алады!

Мекенжайы: Алмалы ауданының комьюнити-орталығы, Байтұрсынов көшесі, 22 к1.

Қабылдау уақыты: 10.00-ден 19.00-ге дейін. Байланыс нөмірі: +7 747 821 64 78; +7 747 540 01 40.

АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ

ӘЛЕУМЕТТІК КЕСЕЛДЕН АЙЫҒУ ҚАЖЕТ

Алматыда Әлеуметтік қызметтер үйінде Азаматтық альянс «ІІІ Ұлттық құрылтай: елді идеологиялық қайта құрудың жол картасы» тақырыбында үйлестіру кеңесінің отырысы өтті. Шарада Атырау қаласында өткен ІІІ Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасы мен ұсыныстары талқыланды.



Айнабай
МӘДИ

Азаматтық қоғам өкілдері Мемлекет басшысының негізгі бастамасын, сондай-ақ олардың еліміздің идеологиясына әсерін талқылады. Шарада спикер саяси сарапшы Виталий Колточник, азаматтық қоғамның бірқатар өкілдері Құрылтайда Мемлекет басшысының айтқан ұсынысы мен бастамаларын кеңінен тартып айтты.

«Бүгінгі қалалық Азаматтық альянстың І-отырысында Президенттің Атырау қаласында өткен ІІІ Ұлттық құрылтайда айтқан, алға қойған көптеген бастамасы мен ұсыныстарын талқылады. Осыған орай, Азаматтық қоғам тарапынан атқарылатын шаралар туралы шешім қабылданып, оны әзірлеуге кірістік. Басқосуда азаматтық қоғам, үкіметтік емес ұйымдар өкілдері, қоғам қайраткерлері, қалалық қоғамдық кеңес мүшелері заң тәртібі, ұлттық құндылықтар тәрізді мәселелерге байланысты қаниалықты үлес қосатыны жөнінде мәлім етілді. Осы ретте белгілі бір жол картасын әзірлеп, биылға, келер жылға атқарылатын шаруаларды реттеу нақтыланып алынды», – деді Алматы қалалық Азаматтық альянсының төрағасы Қайыржан Әбдікалықов.

Бізге мәлімі, еліміздегі үкіметтік емес ұйымдардың басым бөлігі Алматы қаласында шоғырланған. Аталған ұйымдардың осы қаладағы мақсатты топтары: мүгедектер, жалғызбасты аналар, жәрдемге мұқтаж балалар ұйымы өте көп. Сол топтардың мәселесі жан-жақты қаралып, шешімін табуы тиіс. Құрылтайда Мемлекет басшысы отбасылық құндылық, зорлық-зомбылыққа термелеу мен заң тәртібін, рухани құндылық жайында егжей-тегжейлі айтып, алдағы мақсатты нақтылы түсіндірген болатын. Бүгінгі басқосуда азаматтық қоғамдағы үкіметтік емес ұйымдар осы түйткілдерді шешуді қолға алуы қажеттігін түсініп отыр. Бұл ретте ҰЕҰ өкілдері қандай көмек бере алатындығы жөнінде ашып айтты. Осыған байланысты Алматыда жол картасын қалай тиімді жолға қою жөнінде сөз болды.

Шаһарымыздағы Азаматтық альянстың осы отырысының нәтижесінде резолюция қабылданады. Президент бастамасы қолға алынып, Алматы қаласындағы Азаматтық альянс тарапынан

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

АДАЛДЫҚ – АРДЫҢ ІСІ

Ұлттық құрылтайда көтерілген бес кеселмен күрес күшейеді

Алматы қаласының ҚХА ақсақалдар кеңесі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев басшылығымен өткен «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысына байланысты «Дөңгелек үстел» өткізді.

Жиын барысында Құрылтайда айтылған өзекті мәселелер мен Мемлекет басшысының тапсырмаларының мән-маңызы талқыланып, оны орындау механизмдері бойынша жеке ұсыныстар айтылды. Жиын модераторы болған Алматы қаласының ҚХА ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары Болат Оспанов «адал азамат» ойы жөнінде пікір білдірді.

– 15 наурыз күні Атырау қаласында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың басшылығымен Ұлттық құрылтайдың кезекті отырысы өтті. Президент бұл жиналыста халқымыздың ынтымағын күшейту маңызды екенін айтты. Ынтымақты күшейту жолында біздің – аға буын өкілдерінің орны ерекше. Біз келешек ұрпаққа үлгі болып, ірі мәселелерді көтеругіміз қажет. Сондай-ақ, Мемлекет басшысы бес кеселмен: есірткі саудасы, нашақорлық, лудомания, тұрмыстық зорлық-зомбылық және буллингпен бүкіл ел болып күресіп, біржолата тосқауыл қоюымыз керек екенін атап өтті. Құрылтайда айтылған «адал азамат» ойы Әділетті Қазақстан идеологиясына тікелей байланысты. Адал азамат – бұл бойында кіл жақсы қасиеттер жиналған, өзінің шынайы еңбегімен жетістікке жететін, адалдық пен әділетті бірінші орынға қоятын адам, – деді Алматы қаласының ҚХА ақсақалдар кеңесі төрағасының орынбасары Болат Оспанов.

Ал ҚР ұйғырлар республикалық этномәдени орталығының төрағасы Абдулхалил Долкунтай бала тәрбиесіне аса мән беру қажет екенін айтты.

– Жастарымызды есірткі болсын, қауіпті діни ағымдар болсын – барлық қауіпті кеселдерден сақтандырып тәрбиелеу маңызды. Қазақстанды сүйетін, еңбек сүйетін, бірлік-ынтымақты күшейтетін жастарды тәрбиелеуіміз керек. Еңбек сүйетін адам ешқашан өзгенің ақысын жемейді. Бізде «Ел болам десең, бесіңді түзе» деген жақсы сөз бар. Балаларымызды



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Виталий КОЛТОЧНИК,
ҚР Азаматтық альянсының кеңесшісі, саяси сарапшы:

ӘЛЕУМЕТТІК КЕСЕЛДЕРГЕ БАСА МӘН БЕРІЛЕДІ

Құрылтайда көтерілген мәселелер, қабылданған шешімдердің елімізде мәні орасан зор, сонымен бірге жауапкершілік жүгі де қат-қабат. Бұл ел көлеміндегі алқалы басқосу жиынында бұдан бұрынғы Құрылтайлар қабылданған шешімдердің орындалуына баға беріліп, ел-жұрттың әлеуметтік ахуалы, көкейіндегі өте өзекті мәселелердің жедел шешімін табуы қарастырылды.

Бұл жағдай мемлекетіміздің жаңа идеологиялық базасы қалыптасуының жарқын үлгісіндей. Осы құрылтайда қоғамға залалын келтіріп отырған әлеуметтік кеселдер пен онымен күрестің жсай-жапсары нақтылы айтылды. Соның ішінде лудомания секілді қоғамға қауіпті әлеуметтік кеселді дер кезінде анықтап, оның бетін қайтармасақ болмайтыны бесенеден белгілі.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев идеологиялық салада елімізде ашықтықтың болуын қамтамасыз ету, халықаралық жағдайға барынша бейімделу қажеттігін алға тартты. Солай бола тұра, жасандануға жұтылып кетпей, ұлттық құндылықтарға баса мән беру жайы айтылды.

жол картасы іске асырылатын болды. Бұл орайда, әлбетте, әлеуметтік мәселе мен мәдени құндылықтарға айрықша мән берілетін болады.

спортқа баулып, жаман әдеттерге жолатпасақ, сонда Мемлекет басшысы айтқан «адал азаматтар» өседі, – деді ол.

Ал Алматы қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі полиция майоры Дәурен Көбеев есірткі саудасымен күрес қалай жүргізіліп жатқанын айтып, оның болашақта қандай қауіп төндіруі мүмкін екенін түсіндірді.

– Мемлекет басшысы 2 жыл бұрынғы Жолдауында есірткі мәселесін қозғап өткен болатын. Президент тапсырмасына орай 2023 жылдың 29 маусымында «Қазақстан Республикасында Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған кеңенді жоспары» бекітілген болатын. Бұл алдын ала болжам бойынша синтетикалық есірткі қолданысын 5-6%-ға азайтуы қажет. Қазақстанда есірткі саудасының алғашқы толқыны 90-жылдары болды, 2000 жылдары героин саудасы белең алды. Ал қазір екінші толқын – синтетикалық есірткі тарап жатыр. Мұндай үшінші толқын болашақта болуы да мүмкін. Алматыда «Галка» атты есірткі саудагері болған. Ол өте қауіпті «бомба» атты есірткіні сатумен айналысты. Нашақорлар арасында бұл есірткі түрі «Алланың жасасы» деген жаргонмен белгілі. Одан тәулік ішінде 30–50 адам қайтыс болатын. Тиісті іс-шаралар қолданылмаған жағдайда мұндай қауіпті есірткі Қазақстанның кез келген қаласында тарауы мүмкін, – деді Алматы қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі полиция майоры Дәурен Көбеев.

Сондай-ақ, ол есірткі саудасын тоқтату үшін қаржылық барлау жұмысын күшейту керек екенін атап өтті.

– Біз арнайы бейнероликтер жасаудамыз. Бірақ қазір әлеуметтік желілерде ақпарат ағыны өте қарқынды. Бүгін қаралған ролик ертең ұмытылып кетеді. Біз мектептерде, колледж бен ЖОО-ларда түсіндіру жұмыстарын жүргіземіз. Бірақ бұл да жеткіліксіз, жастардың ойынан шықпауы үшін бізге үлкен қарқын мен алгоритм қажет. Есірткі бизнесі негізден бізден бір қадам алда жүреді? Себебі, онда миллиардтаған ақша айналымы бар. Біздің тәжірибесіміз тәркі-леуіміз де үлкен нәтиже бермейді. Батыстағы тәжірибесіне қарасақ, олар есірткі саудасына ақша жағынан соққы береді. Яғни қаржылық барлау қызметтерінің жұмысы күшеюі керек, – деді полиция майоры.

Досбол АТАЖАН.



ҚАУІПСІЗДІК

ВЕТЕРИНАРЛАРҒА –
ЖАҢА КӨЛІК

Алматы қаласы Кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасының ШЖК «Қалалық ветеринарлық қызметі» КМК бұралқы жануарларды аулау қызметінің материалдық-техникалық базасын нығайтты.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бұралқы жануарларды аулау қызметінің көлік паркі 16 жаңа көлікпен толықты.

Биыл 29 наурыздан бастап жаңа арнайы техникалар қаланың барлық ауданында жүреді. Автомобильдерді аудандарға бөлу және аулау бригадаларын нақты аумақтарға бекіту аудан әкімдіктерімен жасасқан меморандумға сәйкес жүзеге асырылады.

Жаңа техниканы қолдану аулау қызметі жұмысының жеделдігі мен тиімділігін айтарлықтай арттыруға, жануарларды тасымалдау жағдайын жақсартуға, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және адамгершілікпен қарауға мүмкіндік береді.

Басты мақсат – тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, малдан адамға жұғатын аурулардың алдын алу, Алматы қаласының аумағында қараусыз қалған жануарлардың санын азайту.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ

ТҮНГІ МЕГАПОЛИС

Алматыда көше жарығын жақсарту жұмыстары жалғасуда

Қазіргі өркениетті қоғамда маңызды тақырыптардың бірі – жарықтандыру мәселесі десек болады. Алып шаһарда бұл бағытта айтарлықтай жұмыс жасалған.



Құралай
ЖҰМАДІЛОВА

Бүгінде Алматыда көше жарығын жақсарту жұмыстары жалғасуда. Бұл жұмыс Бостандық ауданында да қарқынды жүргізілді. Сала мамандары ауданның 14 көшесіндегі 110-нан астам шамды ауыстырды. Соңғы аптада қала тұрғындарының өтініштерін ескере отырып, Жандосов, Мичурин, Минин, Өтепов, Витебск, Масаншы, Ғабдуллин, Бұқар жырау, Манас, әл-Фараби даңғылы, Брусиловский, Тұрғұт Озал, Мүсірепов, Ходжанов бульварлары көшелеріндегі шамдар ауыстырылды. Осы тұста жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандырудың арқасында жарықтандыру жағдайы айтарлықтай жақсара түскенін айта кеткен жөн.

2023 жылдың желтоқсан айынан бастап Бостандық ауданында 900-ге жуық өтінім пысықталып, 1200-ден астам шам жаңарды. Сондай-ақ, қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру аясында 117



шам орнатылды, ал 80 ауланы абаттандыру кезінде 917 шам бағанасы ауыстырылды.

Биыл «Алмагүл», «Орбита-1, 2» ш/а және Тілендиев көшесі бойымен «Акварель» ТК дейін шамдары бар қосымша 267 бағана орнатылады.

Естеріңізге сала кетейік, қала аудандарының әкімдіктері орталықсыздандыру аясында «Алматы Қала Жарық» МКК-мен жарықтандыру жабдықтарына қызмет көрсетуге шарт жасап, нәтижесінде техникалық қызметкерлердің штат саны артты.

Бұған дейін «АҚЖ» құрылымында техникалық қызмет көрсету мамандары болмаған, өйткені бұл жұмысты жосықсыз жекеше әріптес – үш компаниядан тұратын консорциум – АВМ – Building 2007, «Электротремонт» ЖШС және «АВМ-Project» ЖШС орындаған. Алайда, «Алматы Қала Жарық» МЖӨ шартының талаптарын орындамау жөніндегі сот талқылауларына байланысты жергілікті жерлерде көшелерді жарықтандыру мәселелерін өз бетінше пысықтауға мәжбүр.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

«Алматы Қала Жарық» МКК диспетчерлік пункті
8 771 718 24 39, 8 771 718 24 56, 390-20-40, 390-20-60
нөмірлері бойынша тәулік бойы өтінімдер қабылдайды.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖОЛ ЖӨНДЕУ БАСТАЛАДЫ

Мегаполисте өткен жылы ұзындығы 200 шақырым 175 көшедегі жол жабынына орташа жөндеу жүргізілді. Ал биыл ұзындығы 250 шақырым 274 көшеде жол жабынына орташа жөндеу жүргізу жоспарланып отыр.



Ернұр
РЫСБАЙ

Айта кетейік, көшелердің толық тізімі мен жолды орташа жөндеу жұмыстарының жоспары техникалық құжаттамаға сараптама қорытындысын алғаннан кейін сәуір айында жарияланады.

Орташа жөндеу кезінде жол төсемдерінің тозу қабаты мен тегістігін мерзімді қалпына келтіру, сондай-ақ жер төсемінің, су бұрудың, жасанды, қорғаныш, нығайту, реттеу және басқа да жол құрылыстарының зақымдануын түзету, жол төсемін қиылыста және оған жақын жерде кеңейтіледі немесе тарылтады, автотұрақтар, аялдама мен аялдар, тротуарлар мен велосипед жолы жасалады. Орташа жөндеу жұмыстардың көлемі қала жолдарының КЖЖ көліктік-пайдалану жай-күйін диагностикалау нәтижесі мен ақаулар ведомостары негізінде жасалатын сметалық есептеумен айқындалады.

Сонымен қатар, ауа райы қолайлы болса, аудан әкімдіктері жолға ағымдағы шұңқырлы жөндеуді бастайды. Жол материалымен қамтамасыз ету мақсатында «Ас-



Бүгінде
Алматы
жолдарының
ұзындығы 3097
шақырымды
құрайды.

фальтбетон» зауытының жұмыс мерзімінен бұрын іске қосылды.

1. Алмалы ауданында ағымдағы жөндеумен бүкіл аудан бойынша 39,8 мың шаршы метр жол төсемін қамту жоспарланған. Сәуір айында 8 мың м² жөндеуді бастау жоспарланған. Атап айтқанда, ағымдағы жөндеу жоспарына Назарбаев даңғылының бойы Абай мен Райымбек даңғылы аралығында учаскелер; Төле би көшесінің бойы Назарбаев даңғылынан Байтұрсынов көшесіне дейін; Абылай хан көшесінің бойы Төле би көшесінен және Райымбек даңғылына дейін т.б. аумақтар кіреді.

2. Медеу ауданында 2024 жылы ағымдағы жөндеу аясында 50 мың үйді жөндеу жоспарлануда. Жұмыс 2024 жылдың II тоқсанында басталады деп жоспарланған. Ағымдағы жөндеумен Гоголь, Мақатаев, Қайырбеков көшесі, Достық даңғылы,

Қонаев көшесі, Қалдаяқов көшесі, Луганский, Мәметова көшесі, Назарбаев даңғылы және т.б. учаскелер қамтылады.

3. Бостандық ауданында 2024 жылы ағымдағы (шұңқырлы) жөндеумен жолдар мен тротуарлардың 30 мың шаршы метрден астам асфальт жабынын қалпына келтіру жоспарланған. Биыл сәуір-мамыр айларында Қ.Салықов көшесі, Арайлы көшесі, Ж.Үшкөмпіров көшесі, Жандосов көшесі, Бұқар жырау бульвары, Талды көшесі, Центральная көшесі және т.б. аумақтағы жолды жөндеу басталмақ. Ағымдағы жөндеумен ауданның 100-ге жуық көшесі қамтылады.

4. Түркісіб ауданында бүкіл аудан бойынша 30 мың шаршы метр жұмыс көлемімен жол жабынына ағымдағы (шұңқырлы) жөндеу жұмыстары басталды. Шұңқырларды жөндеу мына аумақтарда жүргізі-

леді: Лавренев көшесі, қала шекарасынан ВАЗ-ға дейін; Сүйінбай даңғылы, Бекмаханов көшесінен жаңа көпірге дейін; Даналық көшесі, Шемякин көшесінен Волочаев көшесіне дейін; Щелково көшесі, Сүйінбай даңғылынан Гете көшесіне дейін; Бекмаханов көшесі, Сүйінбай даңғылынан Бартольд және Шемякин көшесіне дейін, Хмельницкий көшесінен Рысқұлов даңғылына дейін.

5. Жетісу ауданында жолдарды шұңқырлы жөндеу наурыз айының ортасында басталды, 35 мың шаршы метр жол қамтылады. Жұмыс осы жылдың қараша айына дейін жалғасады. Кудерин көшесіндегі Райымбек даңғылынан Рысқұлов көшесіне дейінгі; Жансүгіров көшесіндегі Боралдай көшесінен Жұмабаев көшесіне дейінгі; Жангелдин көшесіндегі Рысқұлов көшесінен Райымбек даңғылына

дейінгі; «Құлагер», «Айнабұлақ», «Кемел» шағынаудандарындағы, Жұмысшы кенті; Райымбек және Сүйінбай даңғылдарының қиылысындағы учаскелер ағымдағы жөндеуден өтеді.

6. Өуезов ауданында 2024 жылы ағымдағы жөндеу аясында 50 мың шаршы метр жол жабынын қалпына келтіру жоспарлануда. С.Шаймерденов көшесі – Жандосов көшесі қиылысы; Алтынсарин даңғылының қиылысы – Қабдолов көшесі; Қабдолов көшесі, 2; Өтеген батыр – Алтынсарин даңғылы; Абай даңғылы – Момышұлы көшесіне жетпей; «Тауғұл-1» шағынауданы, Сүлейменов көшесі; Жандосов көшесі батыс бағытта; Алтынсарин даңғылы – Жұбанов көшесінің қиылысындағы учаскелерге ағымдағы жөндеу жүргізіледі.

7. Алатау ауданында 30 мың шаршы метр жол төсемін жөндеу жоспарланып отыр. Жұмыс осы жылдың сәуір айында басталады. Жанқожа батыр көшесі, Әубәкіров көшесі, Тәкежанов көшесі, Жалайыр көшесі, Шоған Абыз көшесі, Тілендиев көшесі, ҰАК бойы, Рысқұлов даңғылы, Райымбек даңғылы және т.б. аумақтарда шұңқырлы жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

8. Наурызбай ауданында ағымдағы жөндеу аясында жолдардың 45 мың шаршы метрін қалпына келтіру жоспарлануда. Қ.Надыров көшесінің бойы Шолпан көшесінен Тәжиев көшесіне дейінгі; Тәжиев көшесінің бойы Надыров көшесінен түйыққа дейінгі; аудан шегіндегі Жандосов пен Қонаев көшелері және т.б. учаскелер ағымдағы жөндеуден өтеді.

Жыл басынан бері аудан әкімдіктері қала жолдарында пайда болған шұңқырларды бақылау жүргізген. Сондай-ақ, аудан әкімдіктеріне тұрғындардан пайда болған шұңқырлар бойынша шағымдар келіп түседі.

Барлық өтініш пен мониторинг негізінде аудан әкімдіктері жолдарды ағымдағы – шұңқырлы жөндеу жұмыстарын жүргізеді.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК ӘДІЛ БӨЛІНЕДІ

Мұқтаж отбасыларға кешенді қолдау көрсетудің нақты регламенті әзірленеді

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова Алматы қаласына жұмыс сапарымен келіп, мегаполис тұрғындарымен кездесу өткізді. Мансап орталығының жұмысымен танысып, бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады.

**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Азаматтарды қабылдады

Светлана Жақыпова жұмыс сапарын «АРДИ» мүгедектігі бар балалардың ата-аналары қауымдастығының оңалту орталығына барудан бастады. Орталық мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде «Мүгедектігі бар балаларға және тірек-қимыл аппараты бұзылған 18 жастан асқан адамдарға арналған күндізгі болу қызметі» жобасын іске асырады. Мекеме басшысы Әсия Ахтанова орталықта балалардың церебральды сал ауруы және тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларды оңалтудың озық әдістемелері мен заманауи тәсілдері қолданылатынын атап өтті.

Сондай-ақ, Светлана Жақыпова Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевпен кездесті. Тараптар еліміздің ірі қаласында Мемлекет басшысының әлеуметтік-еңбек саласына байланысты тапсырмаларын іске асыру барысын талқылады. Атап айтқанда, халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қолдау, кәсіпорындардағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау, мүгедектігі бар адамдар үшін кедергісіз орта құру және басқа да мәселелер қаралды.

Сонымен қатар, Еңбекминінің басшысы жұмыс сапары аясында халықпен кездесу өткізіп, азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады, республикалық және жергілікті БАҚ өкілдеріне арналған брифингте журналистердің сұрақтарына жауап берді, сондай-ақ бірқатар әлеуметтік нысандарға барды.

Нысандар қызметімен танысты

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыпова Алматыға жұмыс сапары барысында Мансап орталығына барып, бірқатар әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

Еңбекминінің басшысы Мансап орталығына барды, онда алматылықтарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шаралары ұсынылады, сондай-ақ қажет болған жағдайда атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – АӘК) тағайындалады. Жыл басынан бері қалада 2 мыңнан астам отбасыға немесе 11 мың адамға АӘК көрсетілді. Осы қолдаудың 111 еңбекке қабілетті алушысы жұмыспен қамтудың белсенді шараларына тартылды. Жалпы республика бойынша атаулы әлеуметтік көмек 312 мың адамға тағайындалды.

Сонымен қатар, ЕХӘҚМ басшысы ЖОО-ның бірыңғай телекоммуникациялық жүйесінің жұмысын қамтамасыз ету үшін құрылған әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың оқу интернет-орталығына барды. Сондай-ақ, Светлана Жақыпова азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады, оның барысында 5 азаматтың зейнетақы мен жәрдемақы тағайындауға, АӘК беруге, жұмысқа орналасуға және т.б. байланысты өтініштерін қарады.

Балалы отбасыларға ерекше назар аударылады

Светлана Жақыпова Алматы қаласына жұмыс сапары аясында мегаполис халқымен кездесу өткізді. Мемлекет басшысының әлеуметтік-еңбек саласындағы тапсырмаларын

іске асыру мен қазақстандықтарды әлеуметтік қолдау шараларын күшейту туралы хабарлады.

Іс-шараға ҚР ЕХӘҚМ Еңбек және әлеуметтік қорғау комитетінің төрағасы Төлеген Оспанқұлов, ҚР ЕХӘҚМ Көші-қон комитетінің төрағасы Асқарбек Ертаев, Қалалық басқарма мен аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдерінің, медициналық-әлеуметтік мекемелердің басшылары, ҮЕҰ өкілдері, мүгедектігі бар адамдар, көпбалалы аналар және тағы басқа азаматтар қатысты. Жалпы кездесуге 80 адам қатысты. Сөз басында Еңбекминінің басшысы 2023 жылы мемлекеттің барлық әлеуметтік міндеттемелері уақытылы және толық көлемде орындалғанын хабарлады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылы: ең төмен базалық зейнетақының мөлшері ең төмен күнкөріс деңгейінің 54%-дан 60%-ға дейін, ал 2024 жылы – 65%-ға дейін, ең жоғары мөлшері 100%-дан 105%-ға дейін ұлғайтылды; ынтымақты зейнетақыны есептеу үшін қабылданатын ең жоғары табыстың шамасы 46%-дан 55 айлық есептік көрсеткішке дейін артты. Алматы қаласы бойынша зейнетақының жиынтық орташа мөлшері 184 мың теңгені құрап отыр. Жалпы республика бойынша зейнетақы төлемдеріне 2023 жылы 3 трлн 300 млрд теңге, 2024 жылы – 3 трлн 785 млрд теңге бағытталды. Министр сондай-ақ, халықты әлеуметтік қолдауды күшейту туралы айтты. Балалы отбасыларға ерекше назар аударылады. Жаңа шаралар бала тууды ынталандыруға және отбасындағы балаларды тәрбиелеуге жәрдемдесуге, сондай-ақ көпбалалы аналардың беделі мен мәртебесін арттыруға бағытталған.

2023 жылы мемлекеттік жәрдемақылардың мөлшері 8,5%-ға индекстелді, ал Әлеуметтік кодекстің қабылдануымен кейбір жәрдемақылардың мөлшері қосымша 14,5%-ға өсті; Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау үшін 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала күтіміне байланысты жәрдемақы мен әлеуметтік төлемдерді төлеу кезеңі бір жастан бір жарым жасқа дейін ұзартылды; Әлеуметтік кодекстің қабылдануымен «Алтын алқа» алқасымен, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған, «Батыр ана» атағын алған аналарға жәрдемақы мөлшері 7,4 АЕК-ке дейін арттырылды. Балалары бар отбасыларды қолдауға 2023 жылы шамамен 1,3 трлн теңге, 2024 жылы 1,5 трлн теңге бөлінген.

АӘК толық трансформацияланады

Осы жылдың 1 наурызына Алматы қаласында 5 мыңнан астам адам жүктілікке және босануға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылу жағдайы бойынша 6,1 млрд теңге сомасында әлеуметтік төлем алды. Бала тууға арналған біржолғы жәрдемақы республикалық бюджет қаражатынан шамамен 1,1 млрд теңге сомасына 7 мыңға жуық адамға берілді. Жұмыс істемейтін әйелдер үшін бір жарым жасқа дейінгі бала күтімі бойынша жәрдемақыны республикалық бюджет қаражатынан 500 млн теңгеге 9 мыңнан астам адам алды. Жұмыс істейтін ата-аналар үшін бір жарым жасқа дейінгі бала күтіміне байланысты табысынан айырылу жағдайы бойынша 6,8 млрд теңге сомасына 46 мыңға жуық адам әлеуметтік төлем алды. Мүгедектігі бар баланы көмекке толғанға дейін тәрбиелеп отырған анасына немесе әкесіне, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) тағайындалатын және төленетін жәрдемақыны 1,3 млрд теңгеден астам сомаға 9 мыңға жуық адам алды.

Светлана Жақыпова сонымен қатар, атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – АӘК) тағайындаудың жаңа тәсілдерін әзірлеу туралы айтып өтті.

«Биыл 7 ақпандағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы әлеуметтік көмек пен қолдау жүйелерін қайта қарау міндетін қойды. Осыған байланысты Отбасының цифрлық картасын және мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың жүйелерімен жаңа интеграцияларды пайдалана отырып, АӘК толық трансформацияланады. Алматыда жыл басынан бері 11 мыңға жуық адам АӘК алғанын айта келіп,

министр: «Мұқтаж отбасыларға кешенді қолдау көрсетудің нақты регламенті әзірленеді, ал оның құрамына АӘК, тұрғын үй көмегі, жалға берілетін тұрғын үйді жалдауды субсидиялау, жеңілдікпен жол жүру және т.б. кіреді. Көмек тек азық-түлік сатып алуға ғана емес, өмір сүру үшін қалыпты жағдай жасауға да берілетін болады», – деді.

Мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын арттыру және олардың қоғамға әлеуметтік ықпалдасуы мақсатында кешенді шаралар қабылданды. Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі ұлттық жоспар іске асырылуда. 2023 жылы Мүгедектердің құқығы туралы конвенцияға Факультативтік хаттама ратификацияланды.

«Әлеуметтік кодекс қабылданды, оған бірқатар қосымша әлеуметтік қолдау шаралары енгізілді: жәрдемдерді беру нормалары екі есе ұлғайды; «Спина бифида» диагнозы қойылған мүгедектігі бар адамдар жоғары сапалы катетерлермен қамтамасыз етіледі; ментальді бұзылуы бар балаларға арналған санаторийлік-курорттық емдеуді ұсыну бойынша пилот іске қосылды; 1-топ мүгедектігі бар адамдардың жеке көмекшілері үшін зейнетақы, әлеуметтік және медициналық жарналар аударылады», – деді Светлана Жақыпова.

100 мыңға жуық адам жұмысқа орналасты

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2025 жылға дейін әртүрлі өңірлерде ересектер мен балаларға арналған 12 оңалту орталығын салу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, еліміздің 6 өңірінде (Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Жетісу, Жамбыл облыстары және Шымкент қ.) аутизм спектрі бұзылған және басқа да ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған күндізгі болу орталықтары ашылды. Сондай-ақ, мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін бірнеше пилоттық жобалар іске асырылуда. Олар сырттай проактивті форматта мүгедектікті белгілеу; Астана және Алматы қалаларында такси агрегаторлары арқылы инвентакси қызметтерін көрсету; 6 өңірде сыйымдылығы шағын үйлерді енгізу; 4 өңірде мүгедектігі бар балаларға арналған техникалық оңалту құралдарын жеке тандау.

«2024 жылы бірнеше негізгі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілуде: ҚР инклюзивті саясат тұжырымдамасын қабылдау; олардың тиімділігі мен сапасын арттыру үшін әлеуметтік қызметтер көрсету жүйесін трансформациялау; халыққа әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының қызметін цифрландыру; техникалық оңалту құралдары мен қызметтердің кейбір түрлерін монетизациялау; ауылдық жерде тұратын мүгедектігі бар адамдар үшін оңалту технологияларын енгізу; оңалтудың цифрлық күнделігін әзірлеу; әлеуметтік және кәсіптік оңалтудың цифрлық хаттамаларын енгізу; әлеуметтік саланы дамытудың Ұлттық ғылыми орталығын жаңғырту.

«Осы бағыттарды іске асыру әділетті қоғамды дамытудың негізгі факторы болып табылады. Біз неғұрлым жетілдірілген және инклюзивті әлеуметтік саясат құру мақсатында ашық диалог пен сындарлы ынтымақтастыққа дайынбыз», – деп атап өтті министр.

ЕХӘҚМ басшысы халықты жұмыспен қамту шаралары туралы да хабарлады.

«2023 жылы Алматыда 97,5 мыңнан астам адам жұмысқа орналастырылды. Кәсіптік оқытумен 4,1 мыңға жуық адам қамтылды. Кәсіпкерлік бастамаларға қолдау көрсету аясында халықтың әлеуметтік осал топтарына 375 грант және жас кәсіпкерлерге 135 микрокредит берілді. Биыл жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 358 грант беру жоспарлануда. Құжаттарды қабылдау процесі толығымен автоматтандырылған және business.enbek.kz порталы арқылы жүзеге асырылады», – деді Светлана Жақыпова.

Жиынды қорытындылай келе министр алматылықтарды қызықтырған барлық сұрақтарға толыққанды жауап берді.



ТУРИЗМ

Туристер үшін тартымды қала

Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде туристік маусымдағы қауіпсіздік шаралары туралы брифинг өтті. Онда демалыстың соңы жағымсыз жайттармен есте қалмас үшін қауіпсіздікті сақтау ережелерін біліп, сақтау маңызды екені айтылды.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Туристік маусымда қауіпсіздік шаралары күшейтіледі

Алматы қаласы ТЖ жою басқармасының бастығы Денис Ярцевтің айтуынша, кез келген туристік сапарда түрлі кедергілер мен ауа райының күрт өзгеруі секілді бірқатар қиындықтар болуы мүмкін.

– Табиғат аясына шығарда үстіңізге киген киімдердің соған сай келуіне мән беру керек. Ол ыңғайлы болуы керек және ықтимал қауіптерден қорғауды қамтамасыз етуі керек, – дейді басқарма басшысы.

Баспасөз мәслихаты барысында ауа райы болжамын және дауыл туралы ескертулердің ықтималдығы туралы да айтылды. «Мәселен, таулы жерлерде ауа райы нашарлаған жағдайда, сапарды басқа күнге ауыстыру, сапарға шығар уақытты ғана емес, сонымен қатар қайту уақытын да жоспарлау маңызды» дейді мамандар.

Брифингке қатысқан ТЖМ Республикалық жедел-құтқару жасағының бас құтқарушысы, кинологиялық бөлімшенің маманы Дмитрий Денисов туыстарына немесе таныстарына қайда бара жатқаныңызды айтуыңызды ескертеді. «Адамның қауіпсіздігі өзінің қолында. Ол бұл туралы үнемі ойлануы керек. Бұл бірінші кезектегі мәселе болуы керек, өйткені егер бірдеңе болса, құтқарушылар бірден келмейді», – дейді ол.



Суреттерді түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

КЕРЕК КЕҢЕС

Саяхатқа шығарда тексерілген орындар мен бағыттарды таңдаңыз:

• Сіз баратын жеріңіздің жсай-күйі мен табиғатты пайдалану режимін нақтылаңыз. Ұлттық саябақтар, қорықтар мен орман шаруашылықтарына барудың нақты ережелері бар; жер бедері мен сіз бет алған бағыт сіздің дайындық деңгейіңізге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз. Егер сіз күрделі, көп күндік жолға шығуды жоспарласаңыз, кәсіби нұсқаушыға жүзінген жөн;

• бір күнде бірнеше нүктеге баруға тырыспаңыз;

• тауға жалғыз бармаңыз, визуалды қолжетімділік шегінде орындарды таңдаңыз және таңдалған нүктеден ауытқымаңыз.

Саяхатшы адасып қалған жағдайда өзін қалай ұстау керек:

• байланыс болған жағдайда 112 нөмірі бойынша ТЖД бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметіне мынадай ақпаратты хабарлау қажет: қайда, қайдан, қанша жүрді, қай жерден өтті, қазір не көріп тұрсыз және одан әрі сұрау бойынша. Қызмет ҚР ИМ ТЖБ Республикалық жедел-құтқару жасағымен байланыстырады. Егер сіз қонырау шалсаңыз, орныңызда қалыңыз, қажет болса, өзіңізге алғашқы көмек көрсетіңіз және өз бетіңізше шығуға тырыспаңыз;

• егер байланыс болмаса, жолдан шық-

паңыз, басқа жол іздемеңіз. Жақын жерде ашық аумақты тауып, сонда болыңыз;

• егер өткен уақыт бойынша сіз алысқа ұзамаған болсаңыз (өзіңіздің бағалауыңыз әрдайым объективті бола бермейтінін ескеріңіз), күндізгі уақытта келген соқпақ бағытымен таныс жерлерге немесе байланыс пайда болғанға дейін төмен түсіңіз. Егер сенімді болмасаңыз, үрейленіп, қорықсаңыз – орныңызда қалыңыз;

• егер тұман түссе немесе қатты жаңбыр жауса, күткен дұрыс;

• егер сіз ашық жерде болсаңыз, қараңғыда от жағуға немесе фонарь жағуға болады – бұл құтқарушылар үшін қосымша белгілер.

ТАБИҒАТ АЯСЫНА ДЕМАЛЫСҚА ШЫҒАРДА ТАҒЫ НЕНІ ДАЙЫНДАУ КЕРЕК:

• телефон мен паузбанкті 100% қуаттаңыз, фонарь алыңыз;

• сәйкес келетін ашық түсті киім мен ыңғайлы аяқкиімді таңдаңыз, міндетті түрде – бас киім және ауа райы өзгерген жағдайда жылы киімдер жиынтығы;

• алғашқы көмек қобдишасын жинаңыз. Ең аз дегенде оның ішінде: антисептик, таңғыш, антигистаминдер және дәрігердің нұсқауы бойынша таблеткалар. Ең көп дегенде, қайда және қаншалықты баратыныңызға байланысты. Күннен қорғайтын кремді, күйікке қарсы құралдарды және жәндіктерге қарсы спрейді, гигиеналық құралдарды ұмытпаңыз;

• су мен азық-түлік қорын дайындаңыз. Демалыс кезінде өзіңізге таныс емес тағамдардан дәм татуға болмайды, қантты газдалған сусындар мен алкогольдік сусындарды қолдану ұсынылмайды;

• егер сіз жай ғана серуендеп, жеңіл пикникпен шектелгіңіз келмей, от жағу керек болса, ол үшін қажетті мангал, отын мен тұтату құралдарын қамтамасыз етуіңіз керек. Жерде от жағуға болмайды – тек арнайы белгіленген жерлерде жағу керек.

• Пикникке шыққанда, қоқыс дорбаларын өзіңізбен бірге алып жүріңіз, содан кейін оны бүкіл алаңнан жинап жүрмес үшін оларға қоқысты бірден салыңыз. Орманда өзіңізді ұстау ережелерін сақтай отырып, сіз табиғатты ғана емес, ақшаңызды да сақтайсыз.

• Құтқарушылар қар көшкініне түскен кезде, үмітсіздік пен үрейленбеуді, тыныс алу үшін дұрыс топтасуды ұсынады. Оның тоқтағанын күтіңіз. Егер қозғалу мүмкіндігі болса, жоғары қарай жорғалаңыз.

• Айқайламаңыз: сізді есту екіталай, есесіне сіз күшіңізді, оттегі мен жылуды жоғалтасыз.

• Жаяу серуендеу кезінде сақтық шараларын елемуге болмайды, тіпті олар сізге болмашы болып көрінсе де. Туристік топтың барлық мүшелерінің хабардарлығы күтпеген жағдайлардан аулақ болуға, уақытты пайдалы және жағымды өткізуге көмектеседі.

КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

«ҚАҺАРМАН ҚАСЫМ» КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Жақында белгілі суретші, журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Еркін Нұразханның «Қаһарман Қасым» атты кітабы жарық көрді. Кезінде «Алматы ақшамы» газетінде ұзақ жылдар еңбек етіп, өзіндік қолтаңбасын қалдырған әріптесіміздің кітабын оқып шыққан соң, аз-кем ой бөліскенді жөн көрдік.



Рая
ЕСКЕНДІР

Біз Қасым атамызды өмірінің соңғы жылдарында ғана көрдік. Майдандағы ерлігі мен ерлігі туралы оқулықтан, кітаптан оқып өскен ұрпақпыз. Дегенмен, ол кісінің жанында болып, жеке хатшысы қызметін атқарған Еркін Нұразханның кітабы басқа қырынан, нанымды әсер етті. Кітап авторы батырдың өз аузынан естіген әңгімелерді оқырманына әдемі жеткізе білген.


Кітапта ерлігін сан ұрпақ үлгі еткен Қасым Қайсеновтің майданда жаумен шайқасқан кезінен бастап, бейбіт өмірдегі азаматтық көзқарасын білдірген қоғамның өзекті мәселесін көтерген хаттары топтасқан. Сондай-ақ, әр жылдарда баспасөз бетінде

жарық көрген сұхбаттар, мақалалар мен мерейтойлық құттықтаулар да еніп отыр.

Батырдың батыр мінезі, күнделікті отбасындағы орны жайында баяндаған асыл жары Асылхан Қабышқызының жазбалары да кітаптың мазмұнын байыта түскен.

Табиғатынан қарапайым Еркін Нұразхан өзінің кітабы туралы «теңіздің дәмі тамшысынан білінер» демекші, осынау шағын дүниелер арқылы батыр ағамыздың биік болмысын, қадір-қасиетін, тау тұлғасын танытқым келді», – дейді.

Кітаптың сыртқы мұқабасындағы Қасым Қайсеновтің суреті де автордың қаламынан туған дүние.



БРИФИНГ

Көктемде бактерия, вирус сынды микроорганизмдер тез өсіп, жылдам таралады. Имунитеті әлсіз адамдардың түрлі ауруға шалдығатыны да осы кез.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

КӨКТЕМГІ ӘЛСІЗДІКТІ ҚАЛАЙ ЖЕҢЕМІЗ?

Мұның себебі, маусым ауысқан кезде ағзада дәрумендер азаяды. Дәрумен тапшылығында не істеу кергін Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде №11 қалалық емхана директорының орынбасары Алмаш Ардабаева айтып берді. Витамин тапшылығы денсаулықтың нашарлауына, имунитеттің төмендеуіне және соның салдарынан ауруға әкелуі мүмкін. ӨКҚ сарапшысы «витамин тапшылығы» дегеннен гөрі, бұл құбылысты «гиповитаминоз» – ағзадағы дәрумендердің төмен деңгейі деп атаған дұрыс дейді. Бұл климаттың ерекшеліктеріне, өмір салтына және тағамға деген талғамға тікелей байланысты.

«Осы тізімдегі кемінде екі белгі болса, ол көктемгі авитаминозбен жедел күресу

қажеттігін білдіреді», – деді Алмаш Ардабаева.

Көктемгі витамин тапшылығы ересектерде ғана емес, балаларда да анықталады. Осы кезеңде адамның өзін қалай сезінетініне мән беру керек. Сарапшы диета кезінде көбірек балық, жаңа сығылған шырындар, түрлі көкөністер, жемістер мен шөптерді тұтынуды ұсынады. Консервіленген тағамдардан бас тартқан жөн. Ағзадағы дәрумендердің деңгейін бақылау маңызды. Диетадан бөлек, таза ауада жиі серуендеу және спорттық жаттығулар витамин тапшылығын жеңуге көмектеседі.

Дәрумен тапшылығы салдарынан болған ангина (тонзиллит), суық тию белгілері, мұрынның бітуі, құлақтың қабынуы (отит) сияқты аурулардан емделуде лор-дәрігердің көмегіне жүгінген жөн.





Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

КОНФЕРЕНЦИЯ

ӘЛ-ФАРАБИ ӘЛЕМІ

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 90 жылдық мерейтойына арналған III халықаралық Фараби форумы аясында «Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізді.

**Олжас
ЖОЛДЫБАЙ**

Әлемдік ғылым мен мәдениет тарихындағы ұлы ойшыл, философ-энциклопедист Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлағ Әл-Фараби эт-Түркідің алатын орны ерекше. Әл-Фарабидің аса бай ғылыми-философиялық мұрасы қазіргі Қазақстанның және әлем өркениетінің де асыл қазынасы, осы заманғы ғылым, білім мен мәдениеттің бірегей қайнар көзі. Сондықтан да Әл-Фараби есімін иеленген Қазақ ұлттық университеті Халықаралық Фараби форумы арқылы адамзаттың ұлы ойшылы, бүтін түрік дүниесінің ортақ тұлғасы Әл-Фарабидің мұрасы мен мирасын зерттеу, тарату, насихаттауды және күллі дүниенің фарабитанушылары бас қосатын, кеңесетін, талқы жасайтын ғылыми алаңды қалыптастыруды отандық ғылым саласының, еліміздің бүгінгі мен келешегі үшін аса маңызды іс деп есептейді.

Халықаралық Фараби форумының негізгі мақсаты – Әл-Фарабидің бай мұрасы арқылы қазіргі қоғам дамуының рухани, тарихи және

философиялық негіздерін түсіндіру, ойшыл мұрасын зерттеп жүрген отандық және шетелдік ғалымдарды біріктіру, әлемнің жетекші ғалымдары арасындағы диалог пен ынтымақтастықтың жаңа алаңын құру.

Форумға қатысушылар ғылым мен білімнің интеграциясына, қазіргі қоғамның рухани-адамгершілік және тұлға мәдениетін жетілдіруге қатысты кең ауқымды өзекті мәселелерді талқылады. Секциялар жұмысында Әл-Фараби мұрасы және фарабитанудың өзекті мәселелері, түрік ғұламаларының мұрасындағы ізгі адам мәселесі және т.б. әлеуметтік-гуманитарлық ғылымның өзекті мәселелері қарастырылды. Форум барысында Әл-Фарабидің философиясы мен қазақ халқының рухани мұрасы зерделеніп, руханиятты танудағы дискурстың әртүрлі формалары анықталды.

Форум аясында Түрік халықтары Философия қоғамы Қазақ комитетінің алғашқы мәжілісі және «Түрік философиясы антологиясының» 1–4 томдарының тұсаукесері өткізілді.

Халықаралық Фараби форумы жұмысының негізгі бағыттары: Әл-Фараби мұрасы және фарабитанудың өзекті мәселелері, Әбу Насыр Әл-Фараби іліміндегі тіл философиясы мен философия тілі, Әл-Фараби мен түрік ғұламаларының мұрасындағы «Кемел адам», Әл-Фараби және қазақ өркениеті, Әл-Фарабидің математикалық, жаратылыстанулық және педагогикалық мұрасы.

Сонымен бірге, Форум аясында «Әбу Насыр Әл-Фарабидің мұрасы және әлемдегі психологиялық ғылымның дамуы», «Әл-Фарабидің тәрбие тілі: мәдениетаралық қарым-қатынас және ұлттық болмыс контекстіндегі тұлға», «Әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс: білім беру мен зерттеулердегі жаңа

көзқарас», «Қоғамдағы зорлық-зомбылық мәселелері: алдын алу мен шешу жолдары», «Қазіргі қазақ философиясындағы прагматизм және руханият», «Бақыт туралы философиялық дискурс», «Қазақ тіліндегі философиялық терминологияның қалыптасуы», «Тәуелсіз Қазақстанда саясаттану ғылымының қалыптасуы мен дамуы» Пікірталас алаңдары, «Өмірмәнділік ой-толғамдар» эссе байқауы, «Қазақ философиясының өзектілігі» бейнероликтер байқауы; Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 90 жылдығына орай және Кіші Фараби академиясының 30 жыл толуына орай «Рухани әңгіме» атты сұхбат алаңдары жұмыс істеп, байқаулар ұйымдастырылды.

Форумға алыс және жақын шетелдерден, АҚШ, Канада, Нидерланды, Түркия, Иран, Малайзия, Ресей, Әзербайжан, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттері ЖОО-ның ғалымдары онлайн және офлайн форматта қатысты.

– Жыл сайын сәуірде Әбу Насыр Әл-Фарабидің мұрасына арналған форум өткізіліп келеді. Бұл көп жылдан бері дәстүрге айналды. Бұған көптеген шетелдік ғалымдар келіп қатысып жүр. Биылғы жиынның артықшылығы университетіміздің 90 жылдық мерейтойымен тұспа-тұс келуінде деп білеміз. Дүниеге ортақ ғұлама ойшылды бәріміз бірлесіп зерттесек, тіпті керемет болар еді, – деді философия ғылымының докторы Жақыпбек Алтаев.

Сонымен қатар, Өзбекстан Республикасынан келген оқытушы-ғалымдар өздерінің ынтымақтастық, бауырластық, рухани сабақтастық төңірегіндегі ой-пікірлерімен бөлісті.

– Біз Әл-Фараби университетімен бірлесіп жоғары білім беру мәселелерін дамытып, оқу процесінің тың бағыттарын айқындауға мүдделіміз. Алматыға бұған дейін бір

мәрте келгенмін. Содан бері көптеген өзгерістер жүзеге асып жатыр екен. Білім беру саласындағы оң нәтижелер баршылық көрінеді. Арамызда тек бірлік, ынтымақ салтанат құра берсін, – деді Гүлстан мемлекеттік педагогикалық университетінің доценті Дилбар Жаппарова.

Сондай-ақ, Қырғыз Республикасынан шақыртылған ғалымдар Әл-Фараби мұраларының құндылығы, оның ілімін бұқара халыққа кеңінен насихаттау керектігі жөнінде айтып берді.


– Бұл іс-шараның тарихи және іліми маңызына жағынан өте үлкен өзектілігі бар. Түркі елдерінің философ ғалымдары ұдайы шоғырланып, бас қоса бермейді. Таңдалған тақырыптың өзі түркі елдерінің басын біріктіре түсуге ықпалдасады. Өздеріңіз білетіндей, Әл-Фараби бабамыз түркі елдеріне, оның сыртында ғаламға белгілі ғұлама. Ойшылдың еңбектерін түгел танып біту мүмкін емес-ті. Айтқан, жазған пәлсапалық ойлары дүниежүзілік философияның ең жетіскен моделі деп қарауға болады, – деді Қырғызстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер Өскен Қозыбаев.

Сонымен бірге, Италиядан келген қонақтар әлемнің екінші ұстазы туралы келелі, парасатты пайымдар жасап, дүниеге мәшһүр ғұламаның жұрт біле бермейтін қырлары жайында сөз қозғады.

– Осыдан 2 жыл бұрын Әл-Фараби оқуларына келіп қатысқан едік. Дүние жүзіндегі ең маңызды ғалым саналады. Ол Аристотель, Платон ғылымын Еуропада қалуына зор еңбек сіңірген. Сонымен қоса, «Мейірімді қаланың тұрғындары» атты моральдік тамаша еңбегін жазып қалдырған болатын. Сіздерде білім, мәдениет, тәрбие жоғары деңгейде даму үстінде, – деді ғалым Роберто Болттри.

«МЫҢ БОЯУЛЫ ҚАЛА»

«АЛМАЛЫ КӨКТЕМІ» БАЛАЛАР САЙЫСЫ ӨТТІ



Алмалы ауданы әкімдігінің қолдауымен «Алмалы көктемі» атты сурет салу және бейнелеу өнері бойынша балалар арасында сайыс өтті. Онда 8 бен 17 жас аралығындағы балалар 90 минут бойы ашық аспан астында сурет салып, бейнелеу өнерлерін көрсетті.

**Пердехан
ШӘМШИЕВ**

4 сәуірде Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театрының алдына түрлі үйірмелерге қатысушы өнерлі балалар жиналды. 100-ге жуық мектеп жасындағы бала Алмалы ауданының көктем мезгіліндегі суретін бейнеледі.

Сайысты Алмалы ауданы әкімдігі мен «Даму бала» платформасы ұйымдастырды. Іс-шараға Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының мамандары сыйлы қонақ ретінде шақырылды.

100-ге жуық бала театрдың алдында қиялын қоса отырып, көктем мезгіліндегі Алмалы ауданын, жалпы қаламыздың бейнесін ақ қағазға

түсірді. Қолдарына бояғыштар, мольберт пен қарындашты алып 90 минут бойы өз туындысын өмірге әкелді.

«Зейін» балаларды дамыту орталығының өкілі Фариза Абдуғаниқызының сөзінше сайысқа 8 бен 17 аралығында балалар қатысып жатқанын атап өтті. Сонымен қатар, «Даму бала» жобасы мен платформасының артықшылықтарына тоқталып өтті. Орталықтың өкілі аталмыш мемлекеттік бағдарлама балалардың шығармашылық және эстетикалық дамуына көп үлес қосып жатқанын, сонымен қатар оның тегін екенін атап өтті.

Сайыс соңында әділқазылар алқасы «Мүсін» және «Көркем сурет салу» номинациялары бойынша жеңімпаздарды марапаттады. Сайысқа қатысушыларға әдемі шопперлер табыс етілді.



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



КӨШПЕНДІЛЕР ОЙЫНДАРЫ

Ұлттық спорт ұғымы ешкімге таңсық болмас. Әр елдің ежелден келе жатқан, өз дәстүр-салтына байланған ұлттық спорты болады. Алтайдан Каспийге дейінгі кең даланы иеленген қазақ халқының да өз ойындары, бәйге-жарыстары бар. Бірақ біздің білетініміз, ұлтымыздың спорты қызық үшін емес, кең байтақ даланы қорғайтын жауынгерлерді бала кезден тәрбиелеу үшін қолданылған. Осы орайда біз халқымыздың бабалардан бері келе жатқан бәсекелерін еске алғанды жөн санадық.

ҰЛТТЫҚ СПОРТ – ҰЛТ АЙНАСЫ



Аударыспақ – қолдары қарулы мықты шабандоздар қатысатын ат үстіндегі күрес. Ұлттық спорттың бұл түрі ерекше төзімділікті, күш пен ептілікті және ер-тоқымды тамаша ұстай білуді талап етеді. Күрестің мәні – қарсыласын аттан аударып түсіру. Сондықтан да бұл спорт аударыспақ аталған. Бүгінгі күні тәртіп бойынша бұл сайысқа тек 18 жасқа толған азаматтар ғана қатыса алады. Сондай-ақ, жарысқа қатысушылар үшін салмақ категориясы үшке бөлінеді.

Бәйге – ат спортының (ат жарысы) бірі. Бабаларымыздан қалған бәсекенің бұл түрі – төзімділікке, тапқырлыққа, батылдыққа үйретеді. Халқымыздың ең көне әрі ең танымал ұлттық спорты десек, артық айтқанымыз болмас. Көшпелі халқымыз үшін жылқыдан жақын жануар болмағаны белгілі. «Ер қанаты – ат», «Аттың несібесі алтау», «Жақсы ат – жанға серік» деген сынды атқа қатыста мақал-мәтелдердің көп болуы да соған дәлел. Жаны жылқыға байланған халықтың ат жарыста делебесі қозатыны сондықтан болар. «Жылқыда да жылқы бар, қазанаты бір бөлек» демекші, ат баптап, оны аламанға қосу – бабаларамыздың жолы. Қазіргі уақытта бәйгенің аламан бәйге, құнан бәйге, жорға жарысы және т.б. түрлері бар.

Асық ату – асық (қой сүйегі) ойыны – қазақтың ертеден келе жатқан ұлттық ойындарының бірі. Халқымыздың балалар арасындағы ойындарының біразы асықпен байланысты. Мысалы «алшы ойыны», «омпа», «ханталапай» және т.б. Бұл қазақтардың мал шаруашылығына негізделген көшпелі бейнесімен түсіндіріледі. Сондықтан қазақтың ұлттық ойындарының көпшілігі табиғи заттармен ойнауға негізделген. Асық ойыны балалардың жүйке жүйесін жастайынан шыңдап, ұқыптылық, есептей білу, төзімділік сияқты қасиеттерді тәрбиелеуге көмектеседі.

Жамбы ату – жауынгердің ептілік пен мергендік қасиеттерін сынайтын қазақтың ежелгі ойындарының бірі. Оның мәні – жамбы ататын жауынгер атпен шауып келе жатып екпінін бәсеңдетпестен құрулы бақан үстіндегі нысананы атып құлатуы тиіс. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып

келе жатқан бұл бәсеке қаншама замандарды артқа тастап, еліміз тәуелсіздік алған бүгінгі күндерге дейін жетіп отыр. Қазіргі уақытта жамбы ату жарысы ұзындығы 300 метрлік тегіс алаңда өтеді. Мәреден 100 метр қашықтықта биіктігі 3-4 метр бола-



тын сырықтың үстіне айғырдың тұяғындай үлкен жамбылар қойылады. Шабандоз атқа мініп, жамбыны көздейді. Егер шабандоз жүйрік атты тежеп көздесе, ұпай берілмейді. Садағы нысанаға тисе де тимесе де, қатысушы тоқтаусыз мәре сызығына шауып барады. Егер нысана сырықтан құласа, жебе тиді деп есептеледі және шабандозға ұпай беріледі. Бұдан бөлек, жамбы атудың басқа да түрлері бар: мылтықпен атудың әртүрлі түрлері немесе бірнеше нысанаға ату.

Көкпар – ұлттық ат спорты ойындарының бірі. Ойынның ережесі қарапайым, екі команда серкені игеріп, оны қарсыластың қазанына барынша көп рет салуы керек. Дәстүрлі қазақ қоғамында көкпарға жасқа толған, салмағы 70–80 келі болатын серке таңдалған. Жалпы көкпар ойыны Орталық Азия халықтарында түгелінде дерлік бар. Көрші қырғыз, өзбек халықтары оны «улак тартыш» деп атаса, тәжік тілінде «бузкаши» атымен танымал. Көкпар жаппай және дода тартыс болып екіге бөлінеді. Бір қызығы, Латын Америкасында орналасқан Аргентина халқының да көкпарға ұқсас ат ойыны болған. Жаппай тартыста қатысушылар саны шектелмейді және әркім серкені өзі иелік етуге тырысады. Ал дода тартыста құрамы бірдей екі топ сынға түседі.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



Қазақ күрес немесе қазақша күрес – көне заманнан бастауы бар, бүгінде көпшілікке қолжетімді ұлттық спорт түрі. Қазақпен қатар ғасырларды өткізіп келе жатқан бұл спорт ұлтымыздың өміріне салтына тұтастай еніп кеткен. Оның айқын мысалы – кез келген мерекелік той-жиындар боз кілемдегі күрессіз өтпейтін болған. Қазірде бұл үрдіс өз жалғасын тауып келе жатыр. Ертеде қазақша күресте жас пен салмаққа шектеу болмаған. Бүгінгі күні ұлттық спорттың бұл түрінде күрестің біркелкі формасы мен техникасына қатысты тұрақты ережелері белгіленген. Қазақша күрес балуандарының формасы самбошылардың формасына ұқсайды. Ұлттық күрес күртешесінің самбодан айырмашылығы – жеңі қысқа әрі иығында (ұстауға арналған) шағын жолақтары болады, сондай-ақ неғұрлым берік материалдан тігіледі. «Күш атасын танымас» дейтін халқымыздың күресі балуанның күші мен ептілігіне негізделген. Белдесу кезінде аяққа өтуге тыйым салынады. 2012 жылдан бері Қазақстанда жыл сайын қазақша күрестен «Қазақстан барысы» республикалық турнирі өткізіліп келеді.

Тоғызқұмалақ – қазақтың «шахматы» немесе ұлттық ақыл-ой ойыны. Ойын танымдық, эстетикалық, спорттық, тіпті ғылыми аспектілерге ие. Тоғызқұмалақтың емдік қасиеті де бар, ол жасөспірімдер миын дамытады. Тоғызқұмалақ ойыны арнайы тақтада екі адам арасында ойналады. Ойын тақтасы 2 қазан, 18 отау, 162 құмалақтан тұрады. Ойын басында әр ойыншыға бір қазан, тоғыз отауға тоғыз-тоғыздан салынған 81 құмалақ тиесілі. Алғашқы жүріс жасаған ойыншыны бастаушы, екінші жүріс жасаған ойыншыны қостаушы деп аталады. Бұл ойын ақыл-ойды дамытып қана қоймайды, ол тәртіпке үйретеді. Бүгін күні Қазақстан мектептерінде, оның ішінде алматылық мектептерде арнайы тоғызқұмалақ үйірмелері бар. Сондай-ақ, Алматыда жыл сайын тоғызқұмалақтан қалалық жарыс өткізіліп отырады.

P.S.

Биыл ұлттық спортымыз ылықталып, елордамыз Астана қаласында V Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өткелі жатыр. Халықаралық жарыс 8–14 қыркүйек аралығында болмақшы. Қазақстанға әлемнің 100-ден астам елінен делегация келеді деп күтілуде. Бағдарламаға 20 жарыс және 10 көрнекі спорт түрі кіріп, 110 медаль жиынтығы ойнатылады. Жарыс ат спорты, ұлттық күрес, садақ ату, құстармен аң аулаудың түрлері, дәстүрлі зияткерлік ойындар бойынша өтеді. Дүниежүзілік жарыс Ұлттық спортымызды әлемге тағы бір танытып, оның елімізде жаңа қарқынмен дамуына себепші болады деп сенеміз.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



АНТИКОР

КӘСІПКЕРЛІК САЛАСЫ

мемлекеттік органның ерекше бақылауында

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыру – қоғамдағы парақорлықты жою жолындағы маңызды қадам. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы Арман Рахимов тәуекелдер картасын жүзеге асыру барысын мәлімдеді. Жемқорлықтың алдын алу үшін картада құрылыс және тұрғын үй, экология, жер, кәсіпкерлік, экономика және қаржы, фискалдық, әлеуметтік, инфрақұрылым және жолдар, сейсмикалық қауіпсіздік, жылу электр станциялары, проблемалық құрылыс объектілері сияқты 11 негізгі сала анықталды.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Әсіресе, кәсіпкерлік саласы мемлекеттік органның ерекше бақылауында. «Бизнеске жол» жобасы аясында жыл басынан бері 4 кәсіпкердің түйткілді мәселесі шешімін тапты. Фискалдық салада Алматы қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің кедендік бақылау басқармасының екі лауазымды тұлға ҚР ӘҚБтК-нің 677-бабы бойынша (заңсыз материалдық сыйақы алу) әкімшілік жауапкершілікке тартылып, оларға 3 млн теңге айыппұл салынған. Ал экономика және қаржы саласында «Сатып алудың бірыңғай терезесі» порталының мониторингі тұрақты негізде жүзеге асырылады. Мониторинг нәтижелері бойынша I тоқсанда 470 миллион теңгеден астам бюджет қаражатын жөн-

жосықсыз пайдаланудың жолы кесілді.

Бытырғы тамыз айынан бастап «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы волонтерлік» жобасы сәтті жүзеге асырылуда, оған Алматы қаласында 260-тан астам азамат қосылды. Бұл жобаның мақсаты – азаматтарды, қоғамдық бірлестіктерді, кәсіпкерлік субъектілері мен квазимемлекеттік секторларды, сондай-ақ, басқа да ұйымдарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішараларға волонтер ретінде тарту. Спикер жобаның қысқа мерзім ішінде айтарлықтай нәтижесі барын атап өтті. Осылайша мемлекеттік сатып алу мониторингі барысында 312 миллион теңгеден астам бюджет қаражатын үнемдеді. Балалар ойын алаңдарына, салынып жатқан нысандарға, асфальтбетон төсеніштері мен басқа да әлеуметтік нысандарға мониторинг жүргізілді.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Арман РАХИМОВ,
ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алматы қаласы бойынша департаментінің басшысы:

– Қазіргі уақытта агенттік «Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сараптау ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізуде. Оның барысында бағаны мемлекеттік реттеу, дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды тіркеу мәселелері, олардың сапасына, тиімділігіне және қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды сараптау және т.б. сараптамалар жүргізіледі.

Бытыр мегаполистің 8 тұрғыны жемқорлық фактілерін әшкерелеуге көмектескені үшін ақшалай сыйақы алды. Сондай-ақ, жыл басынан бері сыбайлас жемқорлық фактілерін хабарлаған бес тұлға марапат-

талды. Оның ішінде үшеуі жалпы сомасы 741 мың теңге ақшалай сыйақы алса, қалған екі мемлекеттік қызметкер Алғыс хаттармен марапатталды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет өкілі азаматтардан бөлек мемлекеттік қызметкерлер де сыбайлас жемқорлық фактілері туралы хабарлайды.

Алматы қалалық департаментіне сот әкімшілігінің маманы қамаудан босату туралы қаулы шығаруды жеделдету үшін пара беру фактісі туралы арызбен жүгінген. Бұл факт бойынша аталған құқықбұзушылықты жасаған тұлға қатысты айыптау үкімі шығарылды. Өз кезегінде, маман сыбайлас жемқорлықпен күресте көмек көрсеткені үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Бұл бір ғана жағдай емес. Сол сияқты, шекара әскерлерінің қызметкері қайта тексеруден кейін расталған заңсыз құқықбұзушылық фактісі туралы хабарлап, көші-қон саласындағы заңнаманың бұзылуына жол бермеді.

НАУҚАН

20 МЫҢ АЗАМАТ ӘСКЕРГЕ
ШАҚЫРЫЛАДЫ

Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Алматыда мерзімді әскери қызметке көктемгі шақыру науқаны 1 наурызда басталып, 30 маусымға дейін жалғасады. Бұл туралы ӨКҚ алаңында өткен брифингте Алматы қаласы Қорғаныс істері департаментінің заң қызметінің бастығы Дәуренбек Шегебаев мәлімдеді.

Ақпан айының басында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы мерзімді әскери қызметке шақыру туралы Жарлыққа қол қойды. 1 наурыздан бастап әкімдер орынбасарларының төрағалығымен қалалық және аудандық шақыру комиссиялары азаматтарды көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыруды бастады.

Дәуренбек Шегебаевтың айтуынша, 30 маусымға дейін республикадағы Қарулы күштердің, басқа да әскерлер мен әскери құрылымдардың қатары әскерге шақыруды кейінге қалдыруға немесе босатуға негіздері жок 18 бен 27 жас аралығындағы 20 мыңнан астам ер адаммен толығады.

«Наурыздан маусымға дейін өтетін көктемгі шақыру науқанына Алматы қаласы бойынша 1200 азамат шақырылады», – деді ол.

Спикер жыл соңына дейін Алматы қаласы бойынша 2500-ге жуық адамды шақыру жоспарланғанын айтты.

Әскерге шақырылушыларды хабардар ету бірыңғай байланыс орталығының 1414 сервисі арқылы SMS-хабарламаларды, сондай-ақ үй және жұмыс мекенжайларына жіберілетін дербес шақыру қағаздарын жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Әскери бөлімдерді жасақтау аумақтық және экстерриториалдық қағидат бойынша жүзеге асырылады, бұл әскерге шақырылушыларды елдің бір өңірінен екіншісіне жіберуді көздейді. Әскерге шақырылушылар ҚР Қорғаныс министрілігінің, Мемлекеттік күзет қызметінің, Ұлттық ұлан мен Шекара

қызметінің әскери бөлімдеріне мерзімді әскери қызмет өткеруге аттанады, онда олар өз еліне қызмет етіп, қоғам игілігі үшін маңызды міндеттер орындайды.

ӨКҚ спикері мерзімді әскери қызметтен кейін жас жігіттің ҰБТ ұпайларын ескермей, әскери және азаматтық жоғары оқу орындарына түсуге құқығы бар екенін, ал мерзімді қызметте ерекшеленген сарбаздарына оқу орындарынан тегін оқуға гранттар берілетінін атап өтті.

Әскерге шақырылушылар әскерде қызмет өткергеннен кейін одан әрі келісім-шарт бойынша қызмет ету мүмкіндігіне ие болады.

«Мерзімді әскери қызметтен кейін келісім-шарттық негізде қалғысы келетіндер аз емес, өйткені қолда бар әлеуметтік пакет: тұрақты жалақы, тегін медициналық қамтамасыз ету, ерте зейнетке шығу, заттай қамтамасыз ету және жеке тұрғын үй сатып алу үшін тұрғын үй төлемдері», – деді Д.Шегебаев.

Дәуренбек Шегебаев әскердегі қызметтен жалтарғаны үшін жауапкершілік барын да еске салды.

«Әскери қызметке шақырудан жалтару мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 400 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бас бостандығын шектеуге немесе оны бір жылға дейінгі мерзімге айыруға жазаланады», – деп толықтырды ол.

Г.МАРАТҚЫЗЫ.

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ

ЖАРЫҚ КҮННІҢ
ҚАДІРІН БІЛЕЙІК

немесе отаншыл азаматтарға арналған «Тағзым»

Қаңтар құрбандарына арналған «Тағзым» мемориалдық кешені «Тұран» университетіне жақын маңнан орын тепкен. Сондықтан онда оқитын жастар мен дәріс беретін оқытушылар бұл сәулет кешенінің мән-мағынасын жақсы түсінетіні сөзсіз.

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Аталған универдің оқытушысы, филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор Гүлжан Төлекова ел ішінде дүрбелең туған күні жұмыс орнында түске дейін ғана отырып, түстен кейін үйіне қайтқан болатын. Ол кезде студенттер қысқы демалысқа тарап кеткен. Түсініксіз жағдайлар кешке басталды дейді ол.

– Қас қарайған шақта үйге әуелі балаларым, одан жолдасым келді жұмыстан. «Көшедегі ахуал біртүрлі, көліктер бір-біріне бағынбай, кептеліске де қарамай, бір-бірін басып озып жатыр. Көшеден өртеніп жатқан машиналарды да көрдік» деді олар мазасыз көңілмен. Ертеңіне күйеуім екеуіміз нан алуға шықтық. Біраз жер жүрдік. Ешбір дүкеннен нан таппадық. Жолай кезіккен, түр-әлпеті бөтен көрінетін адамдардың жүзі тым суық көрінді. Бәрі суыт жүргендей. Көздері алақ-жулақ етеді. Көпқабатты үйлердің бірінші қабатында орналасқан банк, дүкен, дәріханалардың тоналғанын көрдік. Айнала нан іздеген ағайын. Сол кезде нанды дүкеннің ішінен пісіріп сатып жатты. Қолымызда банк картасы, бірақ тамақ сатып алатын ақшамыз жоқ. Бұл бір қиын сәттер болды. Сол мезеттерде орын алған ел ішіндегі дүрбелеңде біздің қалаға мүлде бөтен адамдар кіріп кеткендей әсерде болдым, оны мен сөзбен айтып жеткізе алмаймын, – дейді Гүлжан Қажымұратқызы өткен күндерді еске алып.

Ертеңіне де сыртқа шығуына тура келді. Себебі, үш-төрт күн бұрын соғымға тапсы-



рыс беріп қойған болатын. Терезеден үніліп қарап еді, сыртта әлдекімдерді торып жүрген машиналарды көзі шалды. Сонда да аулаға шықты. Аулада үш-төрт бала алаңсыз ойнап жүріпті. Бір кезде тұтқиылдан атыс басталып кеткенде, сілейіп тұрды да қалды. Ойын балаларының алдынан бір жігіт қаша жөнеліп, оны полиция өкілдері қуып кеткен. Бейбіт өмірде осындай атысты көрем деп кім ойласын, Гүлжан Қажымұратқызы ауруханаға түсіп қалады.

Кей-кейде «Тағзым» мемориалдық кешенінің жанынан өте қалғанда, сол күндер санасында жаңғырып тұрып алатыны бар. Сол бір сәттер көз алдынан киноның лентасындай өте бастайды. Кейін осынау сын сағатта әскери борышын өтеп жүрген жас сарбаздардың да Алматы тыныштығын, бейбіт тұрғындардың өмірін қорғауға атсалысқанын естіп, ана ретінде тіпті толқыды.

Қазір студенттеріне қазақ халқының сан ғасырлық арманы болған қасиетті тәуелсіздігімізге қатер төндірген қаңтар оқиғасы туралы жиі айтып, оларды бейбіт өмірдің қадірін білуге шақырып отыратыны бар. Ал «Тағзым» мемориалының ашылуын біздің ел басына күн туған ауыр күндерде қаза тапқан отаншыл азаматтарымызға деген үлкен құрмет деп біледі.



МАМАН КЕҢЕСІ

Асқазанға
ауырлық
түспесін

Алматыдағы №11 қалалық емхананың дәрігері Ардақ Молдаханова асқазан жарасының белгілерін танып-біліп жатсаңыз, оны ескерусіз қалдырмау керек екенін айтып отыр.

Маманның сөзіне жүгінсек, асқазан жарасы дер кезінде дәрігермен кеңесіп, сауатты емдеуді қажет ететін ауыр ауру.

«Асқазанның ойық жарасының белгілері әртүрлі тәсілдермен көрінуі мүмкін және оларды тани білу маңызды. Негізгі белгілерінің бірі – эпигастрий аймағындағы күйдіру сезімі немесе ауырсыну, ол тамақ ішкеннен кейін немесе түнде күшеюі мүмкін. Сондай-ақ, адам тамақ ішкеннен кейін ішінің қышуын сезінуі, асқазаны толып тұрғандай сезімде болуы, жүрегі айнуы, құсуы және тәбеті өзгеріп, салмақ жоғалтуы мүмкін», – дейді дәрігер.

Ол сонымен қатар, асқазан жарасы бар кейбір науқастарда асқазан-ішек жолынан қан кету мүмкін екенін де айтты. Ал бұл шұғыл медициналық көмекті қажет ететіні сөзсіз. Сондықтан аурудың алғашқы белгілерінде дәрігермен кеңесіп, маманға баруды кешіктірмеу маңызды.

«Дәл диагноз қою және емдеу стратегиясын анықтау үшін науқасты тексеру, оның ішінде асқазанның эндоскопиясы мен анализдерін жүргізу қажет. Асқазанның ойық жарасын емдеу асқазан сөлінің қышқылдығын төмендететін дәрі-дәрмектерді, антибиотиктерді қолдануды қамтуы мүмкін», – дейді А.Молдаханова.

Денсаулық – ең қымбат нәрсе, оған қамқорлық жасау әрқайсымыз үшін басты міндет болуы керек.

БӘРЕКЕЛДІ!

ШЕТЕЛДІКТЕР БІЗДЕН ДЕ ҮЙРЕНІП ЖАТЫР

Алматылық нейрохирургтер эпилепсиямен ауыратын балаларға ота жасау тәжірибесімен бөлісті

Шаһардағы №2 балалар қалалық клиникалық ауруханасының нейрохирургтері ресейлік әріптестерімен тәжірибе алмасты. Шеберлік сабағы барысында біздің дәрігерлер ресейліктерге эпилепсияға Делаланде инновациялық әдісімен хирургиялық ота жасау тәсілдерін таныстырды.

Ота жасалған науқастың бірі 11 жаста. Оның эпилепсия дертіне шалдыққанына бірнеше жыл. Кішкентай күнінде алған инсульттан мида киста мен атрофиялық өзгерістер пайда болыпты. Салдарынан эпилепсияға қарсы дәрілерді ішкеніне қарамастан күн сайын отыз-қырық рет талмасы ұстайтын. №2 аурухана дәрігерлеріне келген ата-ана баласының талмасы тым жиі ұстамаса екен деп оған шұңт орнатуды сұраған. Алайда, мегаполис мамандары емнің басқа тиімдірек тәсілін таңдады.

«Біз ЭЭГ мен өзге де зерттеулер қорытындысын қарап шығып, резективтік операция жасап, пациенттің талмасын 75 пайызға дейін қысқартуға болады деген шешім қабылдадық. Бұл тұжырымымызды эпилептологтар да мақұлдады. «Тік гемисферотомия» деп аталатын ота сәтті шықты. Қазір бала бөлімшеге ауыстырылды, операциядан кейінгі ем-домын қабылдап жатыр», – дейді нейрохирург Азамат Жайылғанов.

Оның айтуынша, бұл техника анатомиялық жағынан қолжетімді отаның бірі әрі өзге хирургиялық тәсілдерге қарағанда операциядан кейінгі асқынудың ықтималдығы аз. Ота кішігірім тілік арқылы жасалатындықтан қан кету қаупін де төмендетеді. Хирург-маман навигациялық жүйенің көмегімен әрекет ете отырып, мида зақымданған қабықшаларын ажыратып ала алады.

Осыдан бір ай бұрын Алматы ауруханасының нейрохирургтері Санкт-Петербург қаласында эпилепсияның ешбір дәрі көмектеспейтін резистентті түрімен ауыра-



тын 14 жастағы жасөспірімге ота жасаған болатын. Сол кезде ресейлік мамандар осы әдісті үйренуге қызығушылық білдіріпті. Дәл осы тәжірибені меңгеріп, техниканы пысықтау мақсатында ресейлік нейрохирург Александр Ким Алматыға арнайы ұшып келіп, бірлескен операцияларға қатысты.

«Эпилепсияны хирургиялық емдеу саласы үнемі даму үстінде. Уақыт өткен сайын операцияның жаңа түрлері, тәсілдері көбейіп келеді. Сондықтан біз уақыт көшінен қалмай, өзара тәжірибе алмасып отыруымыз керек. Қазақстандық нейрохирургия да қарқынды дамып жатыр. ТМД елдері арасында Алматыдағы №2 ҚБКА дәрігерлерінің клиникалық тәжірибесі өте мол деп айта аламын. Сондықтан біз бұған дейін де қазақстандық әріптестерімізді шақырып, олармен тәжірибе алмастық, осы әдісті үйрендік. Қазір отаға қатысып, клиникалық тәжірибемді байытуға мүмкіндік алдым. Біз де мұндай отаның түр-түрін жасаймыз, бірақ өзгелерден үйренеріміз де аз емес», – деді Александр Ким.

Оның айтуынша, Ресей Федерациясының биыл басылып шыққан ұлттық нұсқаулығына балалар нейрохирургиясына арналған бап енген. Оның авторы – қазақстандық нейрохирургтер Марат Рабандияров пен Азамат Жайылғанов.

Отандық нейрохирургтер эпилепсияны хирургиялық емдеу барысында Еуропаның медицина саласындағы озық тәжірибесін басшылыққа алады. Екінші аурухана дәрігерлері 2023 жылдың қаңтарында елімізде ғана емес, күллі Орталық Азияда алғаш рет эпилепсияның ауыр түрімен ауыратын балаға «тік гемисферотомия» әдісімен ота жасады. Неміс нейрохирургі, профессор Ульрих Томаленің қатысуымен өткен операциядан кейін біздің дәрігерлер қазақстандық тағы 10 балаға ота жасады. Олардың бәрі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру есебінен жүзеге асырылды. Естеріңізге сала кетсек, 18 жасқа дейінгі балалар мемлекет тарапынан сақтандырылады. Балалар МӘМС пакетіндегі медициналық көмекті толыққанды пайдалана алады.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ



ТӘУЕКЕЛШІЛ МАМАНДАР

Ұлыбритания кардиологі біздің дәрігерлерге жоғары баға берді

Алматыдағы Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институтында Еуропаның (Бристоль жүрек институты, Ұлыбритания) жетекші интервенциялық кардиологі Джулиан Стрендждің қатысуымен жүрек тамырларының зақымдануының күрделі формалары – сол жақ коронарлық артериядің, жүрек тамырларының кальциленген зақымданулары бойынша шеберлік сабағы өтті.

ҒЗИ-ның рентгеноперблок меңгерушісі Алексей Колесниковтың айтуынша, коронарография жасау кезінде пациенттердің 10–20%-ында жүрек тамырларының созылмалы окклюзиясы анықталады. Коронар-

лық артерияның созылмалы окклюзиясында жүрек бұлшықетін қанмен қамтамасыз ететін тамыр толығымен жабылып қалады. Жүрек жеткілікті оттегін алмайды, бұл өмір сапасының төмендеуіне, енгізуге әкеледі.

«Коронарлық артериялардың күрделі және кальциленген зақымдануы коронарлық стенттеу кезінде асқынудың қаупін арттыруы мүмкін. Сондықтан оңтайлы техника мен құралдарды таңдау бұл процедураның маңызды аспектісі болып табылады. Біз жасап жатқан операциялар – ең күрделі жағдайлар. Бірақ біз тәуекелдерді барынша азайта отырып, пациент үшін мұндай араласуларды мүмкіндігінше қауіпсіз жүргізуді үйрендік. Осы орайда қазақстандық дәрігерлердің жоғары деңгейі мен тәжірибесін атап өткім келеді», – дейді Джулиан Стрендждің.

Созылмалы жалпы окклюзиялар мен коронарлық артериялардың

кальциленген зақымдануларын емдеудегі жаңа тенденциялар туралы демонстрациялық операциялар мен теориялық сабақтарды өткізумен тәжірибе алмасу мамандарға жаңа жабықта жұмыс істеуді үйренуге, кәсіби қызметте қажетті дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, клиниканың рентгенхирургтары аорта қақпақшасының ауыр стенозымен 90 жастағы науқасқа TAVI (қолқа қақпақшасын эндоваскулярлық ауыстыру) операциясын жасады. Мұндай науқастарға қолқа қақпағын ауыстыру үшін кардиохирургиялық операциялар жасауға болмайды, өйткені олардың кенеттен қайтыс болу қаупі жоғары.

TAVI – қолқа қақпағын жасанды биологиялық клапанмен ауыстырудың заманауи, аз инвазивті әдісі. Операциядан кейін науқас өзін жақсы сезінеді. Барлық көрсеткіш қалыпты шекте, отадан кейінгі асқынулар болған жоқ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Марат ПАШИМОВ, Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-ның басқарма төрағасы:

Тың әдіс нәтижесін беруде

Бұл шеберлік сабағы соны үлгідегі ROTA PRO жүрек тамырларын ротабляциялау жүйесін пайдалана отырып өткізілді. Аталған жүйе елімізде алғаш рет қолданылуда. Бұл бізге ең күрделі патологиялары бар науқастарды емдеуге көмектеседі. Коронарлық артериялардың кальциленген зақымданулары және созылмалы жалпы окклюзиялары бар пациенттерге тері арқылы коронарлық араласулар жүргізілді. Шеберлік сабағына Алматы қаласының интервенциялық кардиологтары қатысты. Сөйтіп, мегаполис дәрігерлері кәсіби және клиникалық тәжірибе алмасуға мүмкіндік алды. Бұл біз үшін үлкен жетістік.

СӘТТІ ОТА



АЛМАТЫЛЫҚ ХИРУРГТАР

науқастың аяғын сақтап қалды

Мопедпен келе жатқан 40 жастағы ер адам жол апатына түскенде, алған жарақатының ауырлығы соншалық, оның оң аяғын кесіп тастау қаупі туындаған. №7 қалалық клиникалық аурухана дәрігерлерінің кәсіби шеберлігінің арқасында мылжасы шыққан аяқ кесілмей, аман қалды.

Аурухананың «Полижарақат бөлімшесі» меңгерушісі Рамазан Әскеровтің айтуынша, пациент мұнда жедел жәрдеммен жеткізілген. «Мен мұны ерекше клиникалық жағдай дер едім. Апат кезінде науқас көптеген жарақат алған, денесінің сау жері жоқ. Оң аяғының пішіні толықтай бұзылған, жілінішкі аумағының терісі сыдырылып, езіліп қалған, үлкен жарық жара пайда болыпты. Сүйектері де сынған, сол себепті аяғының басы қозғалмай қалған. Әдетте мұндай жағдайда аяқты кесіп тастаймыз», – дейді Р.Әскеров.

Пациентті толық тексеріп шыққаннан кейін дәрігерлер мәскеулік хирург Денис Ремашевскиймен бірлесіп аяқты қалпына келтіру операциясына кірісіп кетті. Күрделі ота міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру шеңберінде жасалды. Естеріңізге сала кетсек, елімізде шұғыл медициналық көмек сақтандырылған азаматтарға МӘМС қаражаты есебінен көрсетіледі.

«Терісінің, бұлшық еттері мен сүйек тіндерінің көп мөлшерде зақымданғанын ескере отырып мәскеулік әріптесімізбен бірге пластикалық қалпына келтіру операциясын жасау туралы шешім қабылдадық. Былайша айтқанда, жансызданған тіндер алып тасталды. Жілінішкінің артқы жағындағы бұлшық еттерді алдыңғы жағына ауыстырып, санынан тері алып жалғандықтан бірегейлігі де осында», – дейді маман.

Дәрігердің айтуынша, қазір аутодермопластика әдісімен жалғанған тері орнықты, пациенттің жағдайы жақсы. Ауруханадан шығуға дайындалып жатыр.

Бір сөзбен айтқанда, отандық дәрігерлер мүмкін еместі жасады. Травматолог, анестезиолог-реаниматолог, реабилитологтардан құралған мамандар бригадасы асқан біліктілік танытып, науқастың денсаулығын сақтап қалды. Енді ол қалыпты өмір сүру үшін бірнеше оңалту сатысынан өтуі тиіс.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



БӘРЕКЕЛДІ!



Суретті түсірген Самат Құсайынов.

ОРЫН САНЫ
АРТЫП КЕЛЕДІ

Қалалық Білім басқармасының мәліметінше, шаһарымыздағы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша орын саны 33 пайызға артып отыр. Бұл кезегін күткен бүлдіршіндерді де, олардың ата-аналарын да қуантуда.

Мәселен, биыл мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жергілікті бюджет есебінен 7860 орын бөлінсе, былтыр 5905 орын ғана бөлінген еді. Ағымдағы жылдың ақпан айында 72 жекеменшік балабақшаға 3274 орынға мемлекеттік тапсырысты орналастыру үшін конкурс өткізіліп, осыған байланысты жекеменшік балабақшаларда мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша орын саны арта түскені байқалды.

Сонымен қатар, биыл мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру әдістемесіне сәйкес оқытудың кредиттік технологиясын ескере отырып, 2024 жылға арналған жан басына шаққандағы қаржыландыру көлемі жалпы балабақшаларда 1510 теңгеге дейін, арнайы топтарда 2106 теңгеге дейін, мектеп-палды даярлық топтарында 739 теңгеге дейін өсті. Ата-аналардың мектепке дейінгі мекемеге төлейтін төлемінің мөлшері 25 000 теңге болып, еш өзгеріссіз қалды.

Қазіргі таңда Алматыда 980 мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымы бар. Осы мекемелерге қаламыздың 84 797 баласы барады. Өлі де 701 жекеменшік мектепке дейінгі ұйымға 45 430 орын үшін мемлекеттік тапсырыс беріліп отырған көрінеді.

ЖИЫН

Озық іс-тәжірибе алаңы

Алматы қаласының мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері Бостандық ауданына қарасты №140 бөбекжай-балабақшада «ӨРЛЕУ» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы «Алматы қаласы бойынша Кәсіби даму институты» филиалының ұйымдастырған «Педагогикалық ұжыммен әдістемелік жұмысты ұйымдастыру формалары» атты семинарға қатысты.

Жиынды балабақша меңгерушісі Шаттық Мұхаметрахимова ашты. Семинар барысында балабақша әдіскері Динара Қайратқызы «Мектепке дейінгі ұйымда инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану» тақырыбында қолданып жүрген инновациялық әдіс-тәсілдермен таныстырып, жүзеге асыру жолдарын көрсетті.

Қазіргі таңдағы жаңашыл педагогтың қызметі мен міндеті туралы өз ұсынысын ортаға салды. Келесі кезекте Наркыз Болатқызы тәрбиешілермен Эдвард де Бононың «Ойлаудың 6 қалпағы» әдісін қолданып, қалыптан тыс ойлау қабілеттерін

дамыту мақсатында коучинг жүргізді. Педагогтардың заманауи, жаңашыл, жан-жақты болуына үлкен әсерін тигізетін бұл әдіс өте қызықты өтті. Келесі кезекте дене шынықтыру пәнінің нұсқаушысы Самал Қуанбаева ұжым арасында ынтымақтастықты нығайтуға арналған өте керемет заманауи тәсіл тимбилдинг өткізді. Тимбилдингте педагогтардың қалдық өнімдерді қолдана отырып, өз қолдарынан жасалған ойын құралдарын қолданды.

Озық іс-тәжірибе тарату мақсатында балабақша әдіскері Динара Сәтпаева «Балабақшада ұлттық колөнерді дәріптеу жолдары» атты «Жіпсіз, инесіз құрақ құрау техникасымен» таныстырды. Балабақша меңгерушісі Шаттық Әбішқызының

«Жіпсіз, инесіз құрақ құрау техникасы» атты әдістемелік құралы жарық көрген еді. Қазір осы әдісті балабақшаның ортаңғы тобынан бастап қолдана бастады.

Қазіргі заманның басты талабы – баланы шығармашыл, әртүрлі мәселелерді шешуге бейім етіп тәрбиелеу. Мәселен, қазіргі кезде халқымыздың күнделікті тұрмыста жиі қолданып келген колөнері ұмытылып, кенжелеп барады. Дегенмен, балабақша ұжымы осы тәсілді жаңғыртып отыр. Оның үстіне инесіз, жіпсіз құрақ құрау әдісі мектеп жасына дейінгі балалардың қолының ұсақ моторикасын, ойлау, есте сақтау қабілеттерін, қиялын дамытады.

Сондай-ақ, шығармашылық қабілетін, түстерді ажыратып, оны бір-біріне үйлесімді құрастыруға бейімдеп, оларды ұқыптылыққа тәрбиелейді. Сонымен қатар, мектеп жасына дейінгі ұйымда инклюзивті білім беруде, денсаулығында ауытқуы бар балалар үшін өте пайдалы. Олардың жүйкесін тыныштандырады. Әрі жіпсіз, инесіз құрақ құрау түрі балаларға қауіпсіз.

Қорытынды сөз алған «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Алматы қаласы КДИ кафедрасының аға оқытушысы Фатима Нарсейітова құрақ өнері арқылы халықтың колөнерін, салт-дәстүрін балалардың бойына сіңіріп, колөнерді өз кәдемізге жаратып, қолданудың маңызы өте зор екенін жеткізді.



СЕМИНАР

ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ ҰСТАЗДАР ҚОЛЫНДА

Қазіргі таңда білім әлемі жыл санап емес, сәт сайын өзгеріп жатыр деуге болады. Аталмыш жүйе жаңа технология, түрлі мамандық және басқа да салалармен толығы түсуде. Бұған қоса, жұмысты басқару мен ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері де өзгеріп отыр. Бұл ретте білім саласы қызметкерлерінің алдында жаңа дағдыларды меңгеріп қана қоймай, оны жандандырып, жүзеге асыратын озық білімді жастарды тәрбиелеу мәселесінің тұрғаны анық.

Ел Президенті өзінің биылғы сұхбатында: «Барлық азаматтардың күш-жігері осы жылдың ел тарихында қалай қалатынына байланысты. Жаңажылдық Үндеуімде мен келесі жылы ұлтымыздың жаңа өрлеуіне куә боламыз дедім, бірақ бәріміз осы мақсатқа жету үшін жақсы жұмыс істеуіміз керек», – деген сөзі білім жүйесіне де қатысты айтылса керек.

Осыған орай, қазақ білімінің қарашаңырағы Ш.Уәлиханов атындағы №12 мамандандырылған гимназия ұстаздары ғасырлық мерейтойы барысында атқарылып жатқан «Жүз игілікті іс-шараның» бірін дарынды ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған жұмыстарға арнады.

Аталмыш мектептің «Педагогикалық шеберлік орталығының» ұйымдастыруымен өткен қалалық семинар «Ғылыми мақсаттан – интеллектуалды дарындылыққа» деп аталды. Алғашқы сөз кезегін алған гимназия басшысы м.а Қуаныш Жұмабеков білім беру жүйесіндегі соңғы уақыттардағы өзгерістер мен ерекшеліктер, реформалар, әлемдегі ахуал және жаһандық трендтер еліміздің өміріне қалай әсер ететінін айта келе, барлық тығырықтан тек сапалы білім арқылы ғана шығуға болатынына тоқталды. Осынау жауапты жолда барлық әріптестерін бірлесе еңбек етіп, білімді ұрпақ тәрбиелеуге шақырды. Семинар барысында ұстаздар сабақтың ғылыми мақсатынан басталған мектептің талабы үлкен ғылыми идеяларға бастайтынын баса айтты.

Қалалық семинарда мектеп ұстаздары ғылыми идеялармен шұғылдану тұрғысын «Интеллектуалды дарындық» бөлімінде жан-жақты көрсетті.

БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ!

Сегіз апта
оқитын болады

Мектеп оқушылары үшін ең шешуші әрі қысқа тоқсан басталды. Бұл мезгілде мектеп оқушылары 8 апта ғана оқитын болады.

Оқу жылы 25 мамыр күні аяқталып, соңғы қоңырау соғылады. Ата-аналар арасында әлі де оқу жылы 1 маусым күні аяқтала ма деген түсінбеушілік бар көрінеді. Бұл күні еліміздің балалары да әлем балалары сияқты өздерінің төл мерекелерін тойлайтын болады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Рахима СӘКЕНОВА,
еңбек ардагері:

Шығармашылық жұмыстарға баулуға
көп көңіл бөлеміз

Аталмыш жиын «Ғылыми мақсаттан – интеллектуалды дарындылыққа», – деп жәйден-жәй аталып отырған жоқ. Біз сабақ жоспарын жасаған кезде сабақтың ғылыми мақсатын түгендеуден бастаймыз. Біз сабақтың ғылыми мақсатын қойған кезде балалардың өзінің тәжірибе жасап, оның қорытындысын жасауына, шығармашылық жұмыстарға баулуға көп көңіл бөлеміз.

Қ.СӘТБАЕВ – 125



Құжатқа қол қойды

Қ.Сәтбаевтың 125 жылдығына орай Металлургия және кен байыту институтында жаңа зертхана ашу туралы құжатқа қол қойылды. Аталмыш институттың мәжіліс залында Қытайдың шетелдегі даму қауымдастығының делегациялары және «BGRIMM техникалық корпорациясы» өкілдері бас қосып, екі мемлекеттің арасындағы өзара ынтымақтастық мәселелері туралы кеңінен сөз болды.

Басқосу барысында «Жетісу Вольфрамы» кәсіпорнымен Қазақстан арасындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Екі мемлекет арасындағы келіссөздердің негізгі мақсаты – университеттің студенттері жаңа зертханада өндірістік тәжірибеден өтетін болады. Сонымен қатар, бұл қадам Қазақстан мен Қытай арасындағы минералдық ресурстар саласындағы практикалық ынтымақтастықты нығайтудың жаңа кезеңін көрсетіп, ынтымақтастық пен білім алмасу үшін жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізеді деп күтілуде.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бағдәулет КЕНЖӨЛИЕВ,
Металлургия және кен байыту институтының
Бас директоры:

Біз үшін үлкен маңызды жоба болғалы тұр. Жалпы, біз бұл жұмысты 2019 жылы қолға алған едік. Дегенмен, қаржының тапшылығына байланысты жұмысымыз жүрмей қалды. Сосын кадр мәселесі де себеп болды. Енді сол қаражаттың мәселесі шешімін тапты. Пекинде 4 мыңнан астам ғылыми қызметкері бар Тау кен және металлургия корпорациясы деген бар. Қытайдың 70 пайыздан астам металлургиясы осылардың зерттеуінің нәтижесі. Біз солармен зертхана жасаймыз деп келіскен едік. Сәті енді түсіп отыр. Зертхананың маңыздылығы сол – біз өз елімізде өз мамандарымызды даярлаймыз. Жалпы, ешқандай мемлекет өз құпиясын саппайды. Бұл жерде құпиямыз да ортақ болатын болады. Ең бастысы – өз мамандарымызды даярлаймыз. Осы салада еңбек етіп жатқандардың 40 пайызы жастар. Жаңа зертханада олар қолмен жасап, көзбен көреді.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



Қ.СӘТБАЕВ – 125

«Достық үйінің» мәжіліс залында Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты мен Философия, саясаттану және дінтану институты бірлесіп, республикамыздағы Ғылым академиясын ұйымдастырушы және оның тұңғыш президенті, Ғылым академиясының академигі, Қазақстанның металлогения мектебінің негізін қалаушы, қазақтан шыққан тұңғыш академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толуына орай «Академик Қ.И.Сәтбаев феномені және XX ғасырдағы отандық ғылым: қазіргі ұстанымдар мен пәнаралық зерттеу мәселелері» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция өткізді.

ХАЛҚЫН БИИК ТҰТҚАН ТҰЛҒА

Айнабай
МӘДИ

Конференция жұмысы Тұлғатанудың қазіргі тарихи зерттеулердегі теориялық-методологиялық негізі, Қ.Сәтбаев және республика Ғылым академиясының құрылуы, ғұлама ғалымның мемлекеттік және қоғамдық қызметі, Сәтбаев және қоғамдық ғылымдар мәселесі, Сәтбаевтың тұлғалық феномені және оның гуманитарлық саладағы тарихи-мәдени шығармашылығы, ғалымның ғылыми мұрасын насихаттау тәрізді негізгі бағыттарда өрбиді.

Болашақ ғалым Павлодардағы орыс-қазақ мектебінде, Семей мұғалімдер семинариясында, Томск технология институтының Тау-кен факультетінде білім алған. Мұғалімдер семинариясында Ж.Аймауытов, М.Әуезов сынды көрнекті қайраткерлермен бірге оқиды.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Ғалымның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына, т.б. мәселеге арналған. Геологиядан басқа, қоғамдық ғылым саласында қазақ халқының тарихы мен мәдени мұрасын зерттеуге қызығушылық танытты. Ш.Уәлиханов жазып алған «Едіге» жырының мәтініндегі қазақ оқырмандарына түсініксіз араб, татар сөздерінен тазартып, қазақ тілінің жаңа орфографиясы негізінде қайтадан дайындаған.

Жезқазған – Ұлытау өңірінен көптеген этнографиялық мұраларды жинап, «Жезқазған ауданындағы көне заман ескерткіштері» атты еңбегін жазған. Ғалым қазақ мектебінің жоғары сынып оқушыларына арналған «Алгебра» оқулығын дайындаған. 1931 жылы басылған А.Затаевичтің «500 қазақ әндері мен күйлері» жинағына енген 25 әнге орыс тілінде ғылыми түсініктеме берген.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Серік НҰРМҰРАТОВ,
Философия, саясаттану және дінтану институтының
бас ғылыми қызметкері, филос.ғ.д., профессор:

ЖАС ҰРПАҚ ТҰЛҒАНЫ ТАЛУЫ ТИІС

Кешегі кезең кезінде қазақ жерінде өмір сүрген көптеген тарихи тұлғаның бірі де бірегейі – осы Қаныш Имантайұлы Сәтбаев. Жас кезінен білімге құмарлығын көрсете білген. Сол білімінің арқасында қазақ халқына деген көзқарасын терең түрде танытқан адам. Қанекең – металлогения, металлогения саласының маманы ғана емес, амбебап адам. Тіпті, қазақ тілінде «Алгебра» оқулығын әзірлеуінің өзі білімі мен еңбекқорлығының мысалы. Қазақстанда Ғылым академиясын ашу туралы ұсыныс берген адам – осы Қаныш Имантайұлы. Қазақтан шыққан тұңғыш академик те осы кісі. Ашылған академияның президенті де өзі. Сәтбаев – ғылымның қазақ жеріне орнығуына, кеңінен қанат жаюына, талай талантты жастардың ғылымға келуіне тікелей ықпал еткен тарихи тұлға. Осындай тұлғаның мерейтойын атап өтпесек, оны насихаттамасақ, руханиятымызды қалай кеңейтеміз?! Міне, мәселе осында. Жас ұрпақ ұлт руханиятына қандай тұлға еңбек еткенін білуі тиіс.

ӨМІР-ӨНЕГЕ

ҚАМАРДЫҢ ЖӨНІ БІР БАСҚА

Бірде Құрманғазы оркестрінің мерейтойына орай ертеректегі жарияланымдармен танысу барысында аса көрнекті жазушы Ғабит Мүсіреповтің мынадай бір сөзін оқып, ойға қалғаным бар еді. Кезінде бұл мәселе туралы бірсыпыра ой айтып, қалам тартқанмен де, осы бір сөз көп уақытқа дейін ойымнан шықпай жүрді. Соның әсерінен бе екен, ғажайып шебер туралы даталы күнді күтпей-ақ, тағы да бір-екі ауыз сөз айтуды парыз көрдім. Сонымен, әйгілі қаламгер не деп еді?



«...Құрманғазы және... кейінгі кезде құрылып жатқан көптеген ерекше үлгідегі ансамбльдердің өнерін әр кез тамашалаған сайын олардың тасасында бір бейне ылғи да елестеп отырады. Ол – Қамар Қасымовтың бейнесі. Ұлттық аспаптарымыз бар жерде Қамар есімі де бірге жасамақшы».

Қазақтың көркем өнер тарихына аса бір ынтызарлықпен үңілер болсаңыз, таңдай қақтырар талай тұлғалардың есіміне кез боласыз. Солардың бірі Қамар Қасымов екенін біреу білсе, бәлкім, біреу білмес. Ғабен секілді адамдар айтуындай-ақ айтып кеткен ғой. Кей-кейде ойлайсың, тірлігінде толағайдай іс атқарған осындай тұлғаларды көбіне шығармашылық ортаның өкілдері ғана жоқтап, мақала жазып жататыны жасырын емес. Олар неге жалпы халықтық тұлға айналып, халықтың өзі неге сөйлемейді? Егер өзбек, грузиндер болса, осындай санаулы сандықтарын әлдеқашан көкке көтерген болар еді. Ендігі жерде қолда бар деректермен әйгілі шебер есімін жұрт жадында тағы бір жаңғыртқанды жөн көрдік.

Қазақ кеңес энциклопедиясында ол туралы мынадай бір сараң сөз бар. «Қамар Қасымов Павлодар облысы Баянауыл ауданында 1893 жылы туған. Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген өнер қайраткері. 1934 жылдан бастап домбыра, қобыз, сыбызғы, т.б. аспаптарды жетілдірумен шұғылданды. Қасымовтың басшылығымен қазақтың халық аспаптар оркестріне көптеген музыкалық аспаптар жасалды. Оның әсем, өрнектеп жасаған музыкалық аспаптар көптеген музейлерде (Мәскеу, Ленинград, Алматы, Семей) сақтаулы. Еңбек Қызыл ту ордені және медальдармен наградталған».

Ғажайып шебер жөнінде әр жылдары халқымыздың әйгілі әдебиет, өнер қайраткерлері – Т.Жүргенов, Қ.Сәтбаев, Ғ.Мүсірепов, Ш.Айманов, А.Жұбанов, тағы да басқа азаматтардың айтқан пікірлері болмаса кейінгі кездері өнер өлкесінде аты көп атала бермейтін болды. Бірде «Мәдениет» газеті шебер туралы мақала жариялап, азаматтық танытты. Ендігі жерде біз де ел үшін аянбай еңбек еткен аяулы азаматты оқырман есіне салып тағы бір мәрте қалам тербеуді парыз санадық. Шебердің туғанына бытыр 130 жыл толды. Бұл қазақ мәдениеті мен өнері үшін елеулі уақиға еді. Алайда, оның өз деңгейінде өтпей қалғаны да жасырын емес.

Ендігі жерде шебер туралы сақталған кейбір құжаттар мен басқа да дуалы ауыздардан жеткен уәлі сөзге сүйенсек, оның өмірі қысқаша былай өрілер еді. Осы орайда қазақ өнерінің бір білгірі Омар Қаймолдин ақсақалдың мына бір сөзі еске түседі.

«Қамар Қасымов қазақ аспапнамесінің негізін салушылардың бірі де бірегейі десек, қателеспейміз. Ол өз заманының білімді, парасатты адамы болған. Оның бар болмысына кісілік тұрғыдан қарау керек. Ол халық үшін туған ер. Ол халқымыздың бауыр етіндей тарихи мұрасы саз аспаптарын ғасырлар қойнауынан аршып алып, жан бітірген, өмірге қайта әкелген біртуар дара дарын еді ғой. Міне, осындай азаматтардың уақыттың ығымен назардан қағыс қалып жатуы да өкініш. Қамекен өзі домбырашы, музыкант адам болған. Бұған қоса, ақын еді. Ақын болғанда кесек ақын болатын. Бірақ сол өнерін ұлттық аспаптар жасау жолына сарп етті ғой. Қазақ даласындағы санаулы шежірешілердің бірі де сол кісі еді. Сөздері жазылған кітаптай, кісіліктің туын жоғары ұстаған. Қазақтың ежелгі күйлі сөздер драмасындағы аспаптарының негізін де Қамар жасаған. Мәселен, «Мұңлық-Зарлықтағы», Ж.Аймауытовтың «Қанапия-Шәрбан», «Шерниязындағы», М.Әуезовтің «Қарағөз», «Айман-Шолпанындағы», «Қыз Жібек», «Жалбырдағы» көне музыкалық аспаптарды жасаған да осы кісі. Халқымыздың біртуар әншілерінің қолындағы домбыраларын жасаған да осы кісі» деп еді ақсақал.

Міне, сондай тарихи адамның мұрағаты, еңбектерінің осы күнге дейін қолға алынбай, бір жүйеге түспей арнайы зерттеу нысанына айналмауы да тиісті орындарды ойландыруы қажет. «Ештен кеш жақсы» деген осы. Қамар – жалғандықпен алысып өткен адам. Ол Мәскеудің Чайковский атындағы шеберханасында еңбек ете жүріп өзін де, өзгені де үйретті. Қамар шебер ғана емес, үлкен ғалым, зерттеуші де болған. Ол әуелі материалды, ағашты, темірді тани білген. Сондықтан ол жасаған аспаптарға кәдімгі шешендей тіл біткен. Бүгінде шын мәніндегі қобыз, домбыраны кездестіру қиын. Оның жарқын үлгілері Қамарлар жасаған уақытта сақталып қалған сияқты.

1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің он күндігіндегі аспаптардың денін осы кісі жасаған екен. Қазақтың алғашқы ұлт-аспаптар оркестрінің құрылуы да Қамар атымен тығыз байланысты. Қазақ мәдениетінің тарихы, оның ішінде ұлттық саз аспаптары туралы сөз болғанда, Қамардың есімі бөле-жара айтылуы да тегін емес. Бұл ретте ол кісіні қазақ аспабының негізін салушы деп батыл айтуға әбден болады. Атақты шебер атын жаңғыртудың бір жолы оның атына мектеп, шеберханалар берілуі керек-ақ. Биыл Құрманғазы оркестрінің құрылғанына 90 жыл. Осы мерейтой тұсында осындай біртуар

шебердің де аты айрықша аталып, оған өз деңгейінде құрмет көрсетілуі керек. Өлгінде Ғабеннің естелігін бекерге атап көрсеткен жоқпыз.

Қамар Қасымов туралы аз да, көп те айтуға болады. Шебер мұрасын зерттеуге үлкен жанашыр болып жүрген саз аспаптарының білгір маманы, ғажайып ғылыми қызметкер Тілеукеш Жаубасованың жазып, айтып жүргеніндей, сол бір жылдары атақты шебер жасаған дүниелердің аты шет жұртқа жақсы мәлім болып, талай елдер аттай қалап алған. Бұл ретте оған моңғолдықтар, үнділіктер білдірген сұраныстарды айтсақ та жеткілікті. Мәселен, Моңғолияның Баянөлгейіне барып, өзі құрған қырық адамдық ұлт-аспаптар оркестрінің дүниелерін де өз қолымен жасады. Сонымен қатар, сол елде көптеген шәкірттер тәрбиелеп шығарды. Қазір мұражайдың негізгі қорында Қамекеннің 1956–1960 жылдары жасаған сол Баянөлгейден әкелінген бас домбырасы мен прима-кобыз сақтаулы тұр.

Реті келгенде бізде қазақтың саз аспаптарын жасауда тамаша шеберлер бар екендігін, олардың өзіндік мектебі қалыптасқандығын айта кетуіміз керек. Атап айтқанда, Аққозов, Уәдиев, Бейсенбаев, тағы да басқа азаматтар. Әрине, бұл айтылған шеберлер бір басқа да, Қамардың жөні бір басқа. Ол ұлттық саз аспаптарын жасаудың көш басында тұрған адам. Сонымен қатар, ол аспаптарды жасап қана қоймай, талай іске алғысыз дүниелерді қалпына келтірген әрі өз ой-пікірлерін ғылыми тұрғыдан жүзеге асырған. Сондай-ақ, ол жасаған аспаптар тек сыртқы сұлулығымен ғана емес, өзінің жанға жайлы назды қоңыр үнімен де ерекшеленген. Кейбіреулердің айтуынша, қазақтың ұлттық аспаптарымен айналысу ісі бергінде басталған жоқ. Әрине, оның тарихы тым тереңде жатыр. Бұл салада Болат Сарыбаев секілді ғалымдардың атқарған шаруасына таласымыз жоқ. Әйтсе де, Қ.Қасымов қаншама ізденіс жолына түсіп, теңдессіз шаруаларды атқарса да қай жақта органиология (ұлттық аспаптар тану) деген ғылым барын, өзінің сол салада тұңғыш түрлен салғанын байқамағандай да болуы мүмкін. Әйтеуір ұлт кәдесіне жараса болды деп еңбек еткен адам.

Егер қолға алатын болса әйгілі шебердің өнердегі қолтаңбасы талай монографияға арқау болары сөзсіз. Дейтұрсақ та, бұл ғылымның бізде кенже қалып, бір арнаға түспей келе жатқаны рас. Ендігі жерде Қасымовтың қыр-сырын ашу да осы жолда жүрген азаматтардың басты бір парызы болмақ.

Неге екенін кім білсін, кереметтерді көбіне сырттан тауып, тамсанып жататын әдетіміз ғой. Италияндық Страдивари шебердің скрипкасын айта беретініміз де сондықтан болар. Ал біздің Қамар ақсақалдар оның неше атасын жасаған ғой. Олай болса, қазақтың осындай Страдивариын да өз деңгейінде құрметтеу парыз. Орайы келгенде айта кетейік, қайсыбір зерттеушілердің осы бүгінгі еуропалық скрипка, виолончельдің түпкі атасы біздің қылқобыздан келіп шығатынын айтуы көңілге қонады. Кезінде академик Бартольд, Виноградовтар да осындай пікірді тегін айтпаған ғой. Ендеше, осы бір іске бар жарқын өмірін арнаған Қамарға да өз жөнімен құрмет көрсетуді ойластырған жөн. Біздегі бір жаман әдет – осындай тұлғалар туралы мерейтойында ғана бір серпілеміз де одан кейінгі шаруаны ұмыт қалдырамыз. Ал Қамарлардың кереметі өшпес өнер жасағандығында ғой. Ендеше, мұндай сирек адамдардың атын той күтпей-ақ жаңғыртып отырсақ өзімізге де, өзгеге де өнеге емес пе!

Қамар қария туралы қалам тербеуімнің тағы бір себебі мынау еді. Кейде біз өзіміздің осы іспетті біртуар тұлғалардың бағасын, қадірін біле бермейтініміз де рас. Осыдан біраз бұрын әлеуметтік желіде «қазақ домбырасының атасы Романенко» деп жазды бір азамат. «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп Қадыр айтпақшы, домбыраның атасы алдымен қазақ. Романенко сөз жоқ ғажайып шебер. Ол домбыраның өзінде бар мүмкіндігін жетілдірді. Ал енді Құрманғазы оркестрі құрылғаннан бастап бүткіл аспаптарын жаңартқан Қамар Қасымов кім сонда? Сондықтан бұл бағаның да негізі жоқ деп айтуға әбден болады. Қазақтың бір айтулы ғалымы «қазақ композиторлық мектебінің негізін қалаушы» деп Е.Брусиловскийді айтамыз, ал Жұбанов – қазақ кәсіби музыкасының басында тұрған тұлға» дейді. Ал енді бұл жұмбақты да шешіп көріңіз. Брусиловскийдің өзін Ленинградтан алып келген, қазақтың тұңғыш операсы «Абайды» жазған, ұлттық музыка өнерінің негізін қалаған Ахмет Жұбанов кім сонда?

...Әйгілі шебер туралы көптен бері көкейде жүрген бір ой осы еді.

Қ.ҚОШҚАРУЛЫ.



ПАРИЖ–2024

ЖОЛДАМА КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

Алматы спортшыларында 5 олимпиада лицензиясы бар, бұл – ел ішіндегі ең үздік нәтиже. Франция астанасы Парижде алауы тұтанатын Жазғы олимпиада ойындарының басталуына да санаулы айлар қалды. Жанкүйерлер тағатсыздана күткен төрт жылдықтың басты спорттық оқиғасы биыл 26 шілде мен 11 тамыз аралығында өтеді.

Еуропа төріндегі додаға әлемнің 205 елінен 10 мыңнан астам спортшы қатысады деп жоспарланған. Париждегі бәсекеде 32 спорт түрінен 329 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Қазақстан ұлттық құрамасы спорттың 20 түрінен қатысуды жоспарлап отыр.

Қазіргі таңда Қазақстан делегациясының қоржынында Париж Олимпиадасының 11 спорт түрінен 31 лицензиясы бар (бокс (ерлер) – 6, нысана көздеу – 5, садақ ату – 4, семсерлесу – 4, тас жолдағы велоспорт – 3, қазіргі бессайыс – 2, таэквондо – 2, бокс (әйелдер) – 1, грек-рим күресі – 1, еркін күрес – 1, спорттық гимнастика – 1, батуттағы гимнастика – 1).

Лицензия санын өңірлер үлесіне бөлер болсақ, Алматы, Шымкент қалалары мен Жетісу

облысы үздік нәтижемен көш бастап тұр. Үшеуінің де еншісінде бес жолдамадан бар. Кейінгі орындарға ШҚО (4), Астана қаласы (3), Жамбыл (2), СҚО (2), Ақмола (1), Қызылорда (1), Абай (1), Қарағанды (1) және Түркістан облыстары (1) жайғасқан. Ал қалған өңірлерде Олимпиаданың бірде-бір жолдамасы жоқ.

Олимпиада ойындарына дейін әлі 50-ден аса лицензиялық жарыс бар. Оның ішінде спортшыларымыз әлем чемпионаттары, Азия чемпионаттары және рейтингтік турнирлерге қатысады. Мәселен, қазақстандық ауыр атлеттер Тайландтың Пхукет қаласында лицензиялық әлем кубогі кезеңіне қатысып жатыр. Жарыс 31 наурызда басталды. С тобында өнер көрсеткен Айнуір Әбдіхалықова бесінші орыннан көрінді. 89 келіде сынға түсетін



Сергей Петровия 5 сәуірде жарыс жолына шығады.

Айта кеткен жөн, Ұлттық құрама спортшыларынан паралимпиадашылар да қалыс қалған жоқ. Бүгінгі күні олардың қоржынында 11 жолдама бар. Олимпиада ойындарынан кейін 2 аптадан соң, 28 тамыз бен 8 қыркүйек аралығында Парижде (Франция) XVII Паралимпия ойындары өтеді. Жарыс спорттың 23 түрінен ұйымдасты-

рылады. Қазақстан ұлттық құрамасы спорттың 9 түрінен (пара жеңіл атлетика, пара пауэрлифтинг, пара таэквондо, пара үстел теннисі, пара жүзу, пара дзюдо, пара каноэ, отырып ойнайтын волейбол, пара нысана көздеу) өнер көрсетуді жоспарлап отыр. Осы уақытқа дейін паралимпиадашылар 11 лицензия жеңіп алды: отырып ойнайтын волейболдан ерлер құрамасы – 1, пара жеңіл атлетика

бойынша ядро лақтыру – 1, пара жүзу – 3, пара каноэ – 1, пара пауэрлифтинг – 1, пара таэквондо – 3, пара нысана көздеу – 1.

Сонымен қатар, биыл Паралимпиадаға лицензия беретін 23 спорттық іс-шара жоспарланған. Бұған дейін Токио–2020 Паралимпиадасына Қазақстан ұлттық құрамасының 25 спортшысы қатысып, 5 медаль (1 алтын, 3 күміс және 1 қола) ұтып алған болатын.

ФУТБОЛ

«ҚАЙРАТТЫҢ» ҚАДАМЫ ЖАҚСЫ



1 ай бұрын басталған Қазақстан Премьер-лигасы қыза түсті. 3 турдан кейін Алматының «Қайраты» екінші келеді.

Жаңа маусымда өз алаңында ашқан алматылық команда бірінші ойында «Қызыл-Жармен» кездескен. «Сары-қара» жеңделі жігіттер қонақтарынан қарсылық көрсе де, 2:1 есебімен жеңіске жетіп, жанкүйерлерін қуантқан болатын. Дегенмен, түркі елінің астанасы Түркістанда өткен екінші матч дәл бұлай сәтті болған жоқ. «Тұран» ойыншылары да, қайраттықтар да өзара есеп ашпастан бейбіт тарады (0:0). Ал өткен демалыс күні алматылық футболшылар Шымкент қаласына қонаққа барып, жеңісті оралды. «Ордабасыға» қарсы Қажымұқан атындағы Орталық алаңда өткен ойында «Қайрат» 1:2 есебімен жеңіске жетті. Кездесудегі алғашқы голды (41 минут) бұрыштама добынан кейін Әділет Садыбеков соқты. 21 жастағы ойыншы матч аяқталғаннан кейін бұл кездесудің үздік ойыншысы болып танылды.

Екінші таймда алматылық команда сапындағы азулы футболшылардың бірі – Жоао Пауло есепті (68 минут) еселеді. Матч

мәресіне жете бергенде Жасур Яхшибоев алаң қожайындары үшін бір доп қайтара алды. Ол 84-минутта айып добын айыпсыз орындап, «Ордабасының» алғашқы голын соқты. Дегенмен, бұл серпиіліс өз жанкүйерлері алдында өнер көрсеткен Шымкент қаласының ойыншыларына жеңіске жетуге көмектеспеді. Матч 1:2 есебімен аяқталды. Өткен маусымның чемпионына қарсы ойында жеңіске жеткен «Қайрат» өз қоржынына тағы 3 ұпай қосып, 3 тур нәтижесі бойынша турнирлік кестеде 2-орынға көтерілді. 2 ойында жеңіске жетіп, 1 ойында тең нәтиже көрсеткен «Тобыл» доп айырмасы бойынша алматылықтардың алдына шығып, чемпионат кестесінің басында тұр. Өткен ойында қостанайлық команда «Қызыл-Жармен» тең түсті – 0:0.

Өзге командалардың да нәтижелерін тоқталып өтейік. «Ақтөбе» өз алаңында «Жеңіс» командасын ойсырата 3:0 есебімен жеңді. Ал «Астана» елордада өткен ойында 0:1 есебімен «Елімайдан» жеңіліп қалды. «Жетісу» өзге алаңда «Атырауды» 0:1 есебімен жеңсе, Қарағандының «Шахтері» «Тұран» ойыншыларынан 0:2 есебімен жеңілді. «Ақсу» мен «Қайсар» арасындағы ойын өтпей қалды. Матч чемпионат аясында өзге күні өткізілмек.

ШАХМАТ

Елордада дәстүрлі «KazChess Awards» сыйлығы табысталды. Биыл қатарынан екінші жыл аталған жүлдемен үздік спортшылар, жаттықтырушылар, төрешілер және Қазақстанда шахмат спортының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген азаматтар марапатталды. Биыл номинациялар тізімі 12 санатқа дейін кеңейтілді, өткен жылы 9 номинация болған.



ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Салтанатты іс-шараға Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев, Қазақстан шахмат федерациясының президенті Тимур Турлов, сондай-ақ атақты спортшылар, еңбек сіңірген жаттықтырушылар және өзге де тұлғалар қатысты. Марапаттау рәсімінде Туризм және спорт министрі Ермек Маржықпаев құттықтау сөз сөйлеп, кейінгі жылдары елімізде шахмат спорты қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті. Қазіргі таңда республика бойынша 7 мың секция жұмыс істейді, онда 200 мыңнан астам адам айналысады.

«Ең алдымен осы іс-шараның маңыздылығын атап өткім келеді. Бұл марапат спортшылардың елдегі шахматты дамытудағы еңбегін бағалау мақсатында ұйымдастырылған және республикалық, халықаралық деңгейде спорттың осы түрін одан әрі танымал етуге, спортшылардың кәсіби шеберлігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді. Мемлекет басшысы еліміздегі шахматты қолдау мен дамытуға ерекше көңіл бөледі. Осы бастаманың арқасында республикада шахматты дамытудың 2023–2027 жылдарға арналған кешенді жоспары бекітілді», – деді Ермек Маржықпаев.

Жеңімпаздар Қазақстан шахмат федерациясы президиум мүшелерінің дауыс беру жолымен таңдалды. Жеңімпаздарды анықтау кезінде спортшылардың халықаралық және республикалық жарыстарда-

ғы жеке көрсеткіштері ескерілді. «Ерлер арасында үздік спортшы» ретінде Алдияр Аңсат, ал «Әйелдер арасында үздік спортшы» болып Ксения Балабаева танылды. «Жыл үміті» аталымы – Данис Қуандықұлына, «Жыл бапкері» аталымы – Павел Кокур мен Александр Моисеенкоға, «Өрлеу–2024» аталымы – Зарина Нұрғалиеваға, «Үздік төреші» аталымы – Кәусар Бауыржанға табысталды.

Сондай-ақ, «Ерлер арасында үздік ардагер» аталымы – Айтқазы Баймұрзинге, «Әйелдер арасында үздік ардагер» аталымы – Ирина Булановаға, «Жылдың үздік партиясы» аталымы – Өлішер Сүлейменовке, «Үздік шахмат шолушысы» аталымы – Александр Ляховқа, БАҚ арасында жыл серіктесі – Курсивке, «Үздік команда» аталымы – ҚР ұлттық әйелдер құрамасына берілді.

Айта кеткен жөн, спорттың бұл түрін дамытуға бағытталған «Мектептегі шахмат» жобасы аясында бүгінде 983 мектепте зияткерлік ойын сабақтары өткізілуде. Оның ішінде 110 мектепте міндетті пән ретінде оқытылады. Сонымен қатар, 2023 жылы 2 мыңнан астам қатысушыны қамтыған әуесқойлар арасында шахматты насихаттауға бағытталған «Шахмат керуені» республикалық жобасы іске асырылды.

Бетті дайындаған
Досбол АТАЖАН.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 8 айға – 4288,96 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 8 айға – 5888,96 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 8 айға – 2688,96 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!


«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz** сайты арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.
Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Ерінбеген жанның еңбегі жанады

Бір кездері Алатау ауданына қарасты «Өжет» ықшам-ауданының тұрғындары маңдайына біткен жалғыз ғана №1 бөбекжай-балабақшаның ескі әрі ондағы орынның тапшылығы туралы жиі шағымданатын еді. Әрі сол тұста бұл ықшамауданның кішкентай балалары қабырғасы сонау 1960 жылдары қаланған тым ескі балабақшаға баратын.



Ескі ғимарат 3 топтық әрі 75 балаға арналған еді. «Өжет» – үлкен ықшамаудан. Тұрғындарының дені жастар болғандықтан, әрбір отбасынан кем дегенде екі-үш бала бақшаға барады. Орын тапшылығы аздай, балабақшаның дәретханасының өзі сыртта орналасқан. Соған қарамастан Жетісу ауданына қарайтын жалғыз мемлекеттік балабақша еді.

Шаһар басшысының қолдауымен 2016 жылы ескі балабақша тұтасымен сүріліп, орнына 6 топтық 145 балаға арналған әдемі балабақша бой көтереді. Сол кездегі тұрғындардың қуанышын тілмен жеткізу мүмкін емес. Балабақшаның қалыптасуына сол кездегі балабақша меңгерушісі Рая Заданқызының еңбегі көп сіңді. Уақыт өте, 2022 жылы балабақшаға меңгеруші болып Қымбат Қарабалаева келді.

«Жас келсе – іске» деген емес пе, осы жылдың күзінде басталған жөндеу жұмысы 2023 жылдың наурыз айында аяқталды. Балабақшаның екінші тынысы ашылып, кең де жарық бөлмелер есігін айқара ашады. Жаңадан жиһаздар алынып, асүй жабдығы түгелімен жаңарды. Балалардың жатын бөлмесі, ойын бөлмесі жаңадан жиһаздармен толықты. Бұған қоса, атшаптырым жерді алып жатқан 470 ш/метр жертөлеге де күрделі жөндеу жұмысы жүргізіліп, төменгі қабатта білім орталықтары ашылды. Осылайша бос жатқан жертөленің өзі кәдеге асып, мұнда Инклюзия, Монтессори, кітапхана, зертхана, бейнелеу өнері кабинеттері, сондай-ақ, тұзды шахта, логопед, психолог бөлмелері ашылды.

– Мұндағы әр бөлме бос тұрмайды. Әрбір топ бөлмелерге жайғасып, бір-біріне кедергі келтірмейді. Тобымен өз алдына жұмысын жүргізе береді. Мұндағы жөндеу жұмыстары медициналық талапқа сай жасалған. Арнайы мекемелерден рұқсат алғанбыз. Сондықтан жүргізіп отырған жұмысымызға өзіміз де, өзгелер де дән риза, – дейді балабақша меңгерушісі Қымбат Қарабалаева.

Бұл күні балабақша меңгерушісі «Алматы мектептері» бағдарламасы аясында әлемдік тағылымдамадан алған озық іс-тәжірибесін ұжым қызметкерлерімен бірге жүзеге асырып жатыр.

ЖОБА

Қалалық мектепке дейінгі мекеме Ресурстық орталығы әдіскерлері Түрксіб ауданындағы №119 бөбекжай-балабақшаның жобалық қызметінің практикалық кезеңіне мониторинг жүргізген еді. Дәл қазір аталмыш мекемеде әлемдік «Reboot: International» ірі жобасы аясында «Ойнайық та, ойлайық» (Ұлыбритания) атты бағдарлама жүзеге асып жатыр.

«ОЙНАЙЫҚ ТА, ОЙЛАЙЫҚ»

Бұл ретте бөбекжай-балабақшаның педагогикалық ұжымы мен ата-аналары Төтенше жағдайлар қызметінің мамандарымен бірлесіп, оқыс жағдай орын алған кезде қажетті қауіпсіздік ережелерін, басқа да іс-әрекет қимылдарын жүзеге асыру сынды тәсілдерді үйренді.

– Жалпы, аталмыш жоба арқылы практикалық қағидаттар бойынша дамытушы пәндік кеңістікті құра отырып, әртүрлі мамандық туралы, ойын арқылы балаларға түсініктеме береміз. Мәселен, қазіргі таңда біздің мекеме қызметкерлері ағылшын тәжірибесіне сүйене отырып, командалық жұмыс жүргізіп жатыр. Өзім Англияда тағылымдамадан өткен кезде олардың барлық іс-шараларды осылай командалық ойындар арқылы өткізетінін байқадым. Бізде де сол тәсілді қолданып, балалар мен ата-аналар ұжым болып жұмыс істей бастады. Бұл тәсіл өте тиімді екен. Ең алдымен олар бірін-бірі жақынырақ таниды және қарым-қатынас дағдыларын дамытады, – дейді №119 бөбекжай-балабақша меңгерушісі Гүлбану Сатқанова.



МАМАН КЕҢЕСІ

БАЛАҢЫЗҒА КӨҢІЛ БӨЛІҢІЗ!

Көктем мезгілі денсаулығының ауытқуы бар кісілерге қатты әсер етіп, көптеген келенсіздіктер орын алып жатады. Мамандардың айтуынша, жазға дейін өзін еркін сезіне алмай, ауысымға ауысу мезгілі онайға түспейді.

Соңғы кездері үйден шығып кетіп, оралмаған жақынын іздегендер саны көбейе түскен. Бұған қоса, көшеде немесе қоғамдық көлік ішінде өзімен-өзі сөйлесетін кісілерді де жиі көруге болады. Әрине, мұндай жағдайға түсіністікпен қараған жөн. Сонымен қатар, көктем мезгілі жас балалардың ағзасына, мінез-құлқына да әсер ететін көрінеді. Осыған байланысты психолог-мамандар ата-аналардың балаларына көп көңіл бөлуін сұрайды.

– Ата-ана мен баланың арасы алыстап кеткенін байқап отырмыз. Әрине, көбіне ата-аналардың отбасын материалдық тұрғыдан қамтамасыз ету, ақша табу мәселесіне баса көңіл бөліп, бас ауыртатыны жасырын емес. Осылайша көбіміз баланың эмоциялық жағдайына назар аударма бермейміз. Бұның соңы өзара жанжалға себеп болып жатады. Статистикаға көз жіберсек, 30%-дан астам жағдайда жасөспірімдер ата-анасымен болған жанжалдан кейін өзіне қол жұмсайды екен, – дейді психолог Әйгерім Аманқызы.

Сондықтан балаңызға көбірек көңіл бөлуге тырысыңыз!

Дайындаған Рая ЕСКЕНДІР.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына:
+7 707 862 30 08 телефондары арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail:
alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады.
Тираж нөмірі – 10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор –
Рая ЕСКЕНДІР

Газет "Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген.
Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Гамма-принт» ЖШС-де басылды. 050061, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369.
Тел.: 247-98-30
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АМАЛЫ КӨП АДУЫНДЫ АЙ

«Сәуір айы шопанға сарыуайым, малмен бірге бағады ауа райын»

Қазір елімізде «Бесқонақ амалы» жүріп жатыр. Наурыз айының соңы мен сәуірде боран соғып, жаңбыр жауып ауа райы құбылса, «бесқонақ» басталды деп болжаған бұрынғылар. Кей жерде сәуір (көкек) айындағы бесқонақ амалы өтпелі, қазіргі малшылардың өздерін де күн райы қанша тамылжып тұрса да, жайлауға көшпеген. Өйткені, бесқонақ амалы кезінде ең болмағанда үш-бес күндік суық, қар аралас жаңбыр болмай қоймайды. Бесқонақ өтісімен арқасын сәл де болса кеңге салып, көктемгі шаруаға дайындалады.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Бесқонақ – ежелгі түркілерде қолданылған, күн қозғалысына негізделген күнтізбе. Жыл ұзақтығын 12 айға бөліп және оған қосымша күндермен есептейтін күнтізбе ескі жылдың соңы мен келе жатқан ортасындағы аралық күндер қосымша күндерге саналады. Бесқонақ күнтізбесі қыпшақ, оғыз тіл тобына енетін түркі халқының күнтізбесіне негіз болған. «Бесқонақ» деп «өліараның» тууына дейінгі көрінбей тұратын күндерді, осы сәуір айында түсетін жауын-шашынды, суық, әрі лайсаң күндерді атап, халық осы бесқонақты күтіп, қатты сақтанатын болған, ол бес күнге созылады.

Кей жерде сәуір (көкек) айындағы бесқонақ амалы өтпелі. Малшылар күн райы қанша тамылжып тұрса да, жайлауға көшпеген. Өйткені, бесқонақ амалы кезінде ең болмағанда үш-бес күндік суық, қар аралас жаңбыр болмай қоймайды. Бесқонақ өтісімен арқасын сәл де болса кеңге салып, көктемгі шаруаға дайындалады.

Аптаның соңын ала «Отамалы» амалы кіреді. Пайым бойынша сәуірдің онында кіріп, он бесінде шығады. Отамалы деген – оттың, көктің, шөптің амалы деген сөз. Өйткені, 3–5 күнге созылған осы амал кезінде күн шұғыл суып, қарлы жаңбыр жауады. Бөктерлерде едәуір қар да түседі. Артынша күн жылдам жылынып, ылғал мен топырақ қызуынан көк дүркірей өсе бастайды. Осы амалға байланысты аңыз бойынша сіріңке жоқ заманда көрші ауылдан от алуға барған әйел қайтып үйіне жеткенше бұрқақта адасып, үсіп өледі. Осыдан отамалы атанған. «Отамалы оңына бақса – от алғанша, терісіне бақса оталғанша» деген мақал бар.

Қазақстанның орталығы мен солтүстігінде ай аты ретінде қолданғанымен, «Отамалы» – амал. Отамалының қазіргі күнтізбе бойынша нақты қай айда болатындығы жайлы тұжырым әртүрлі. Кейбір зерттеушілер мұны наурыздың соңы десе, бірі сәуірдің ортасы, кейбірі мамырдың басы дегенді айтады. Дегенмен, отамалының көктем шыққанда болатындығы белгілі. Отамалы біткен соң халық күн жылынып, көктем шықты дескен, жайлауға көшуге дайындалған. Мәшһүр Жүсіп Көпеев «отамалы, сәуірде қой қоздайды» дейді. Соған қарағанда этнограф бұл екі атауды амал ретінде қолданып отырғанға ұқсайды. Отамалыдан кейін шөп өсіп, жер отады, малдың аузы көкке толады. Мұндай амал басқа халықтарда да кездеседі. Мәселен, славянша «мурава» айы («мурава» – қазіргі орыс тіліндегі «трава»), сөзінің ескілікті түрі, мағынасы – «шөп»),

қазіргі украин тіліндегі «травень» айы (мағынасы – «шөп») отамалыға ұқсас. Екеуі де ескіше майға сәйкес. Француз күнтізбесінде «пре-риаль» деген ай болған, мағынасы – «жер отаятын ай».

Сәуірде түрлі амал бар. Бұрынғылар бұл ай туралы «Диканға күт болғанымен, малшыға сарыуайым» деген. «Сәуір айы – қазақтың тәуір айы» деген де тәмсіл бар. Ал ақиық Мұқағали «Сәуір айы шопанға сарыуайым, малмен бірге бағады ауа райын» деп жырлады. «Наурыз – суымен, сәуір – нуымен, мамыр – гүлімен» деп те айтады. Халқымызда бұл амалға қатысты «Сәуір болмай, сайран болмас; Сайран болмай, айран болмас», «Сәуір болса күн күркірер, Күн күркіресе, көк дүркірер», «Сәуірдегі жауын – сауып тұрған сауын», «Сәуір жақсылығына бақса, алты күн, жақсылығына бақпаса, алпыс күн» деген мақал-мәтел, қанатты сөздер бар. Сонымен қатар, сәуір амалы кезінде соғатын көктемгі желді оңтүстік өңірлерде «сәуір» деп атаса, солтүстік аймақтарда «Алтын күрек» самалы деп атайтынын өткенде айтқанбыз.

Қазақ күнтізбесі бойынша жыл әрқайсысы тоқсан күндік төрт маусымға бөлініп: көктем – «жылтоқсан» (жыл алмасатын мау-

сым), жаз – «оттоқсан» немесе «жазтоқсан», күз – «күзтоқсан», қыс – «желтоқсан» деп аталған. Бұл әрбір тоқсан сәйкес түрде төрт табиғат дүлейінің (стихия) «патшалық» мерзімі саналады: «жылтоқсан» – су арнасы «жылға» сөзінің түбірінен, яғни Су маусымы; «оттоқсан» – өсімдіктің барынша өсіп отқа, қуатқа айналатын, малдың қуат жинап отыратын, адамның табиғаттағы барлық дәруменді сіңіріп күшейетін От маусымы; «күзтоқсанда» табиғат күзеліп, барлық өскен нәрсе Топыраққа айналады; «Желтоқсанда» өмірге Ауа қожалық етеді – жел, боран, қардың саф ауасы. Табиғат тамыршылары осылай баяндайды.

Бүгін сәуірдің 5-і. Ал ай жүйесі бойынша, наурыздың – 26-сы. Қазақы есепке жүгінсек, айдың – 13-і. Апта айдың басын, ортасын және соңын түгел қамтып тұр. Бұл айда көкек алғаш шақырады. Сол себепті, айдың әуелгі атауы – Көкек. Кейін түрлі саяси-табиғи көзқарастарға байланысты сәуір деп аталып, күнтізбеге енгенін өткен пайымдарымызда жазғанбыз.

Қазір өрік және өзге ағаштар бүршік жарып тұр. Енді бірер аптада еліміздің оңтүстік астанасы – Алматы шаһарының сан алуан түрлі гүлге бөленіп, мың бояу лы қала атанатын шағы алыс емес...

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Табиғи құбылыстарға қарап жасалған жорамал:

- Көктемде таң шашырап атса, молшылық болады.
- Ай қораланса, жазда жаңбыр көп болады.
- Торғай ерте жұмыртқаласа, күн ерте жылынады.
- Көктемде күн көп күркіресе, егін, шөп мол шығады.
- Көктемнің басында қарға суға шомылса, күн жылынады.
- Көктемде таң күңгірт тартып, күн манаурап көрінсе, жыл жауын-ша шынды болады.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

Самокаттар маусымы басталды

Күн көзі жылына бастаған күннен қала көшелерінің барлығын самокаттар жаулап алды. Демек, биыл да қос дөңгелекті көліктердің дәурені жүріп, оған деген сұраныс артады. Байқағанымыз, самокатшылар арнайы дулыға кие бастапты...



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өткен жылы самокатты алматылықтар желтоқсан айының ортасына дейін пайдаланған. Алайда, олар да жиі пайдалана берген соң тозады. Кикшеринг қызмет өкілдерінің айтуынша, қос дөңгелекті көліктер маусымы аяқталғаннан кейін оларды көшелерден түгел жинап алып, арнайы сервис орталыққа жеткізеді. Онда самокаттарға техникалық қызмет көрсетіледі. Алдымен толықтай жуылып, содан кейін қандай жағдайда екенін білу үшін диагностикалық тексеруден өтеді. «Самокатты бір адам ғана тебуі керек. Бірақ оған екі адам мінгесіп алатындар көп. Шамадан тыс салмақ құрылғының аккумуляторы мен рамасына зақым келтіреді» дейді мамандар.

Естеріңізде болса, өткен жылы қос дөңгелекті көлікке арналған заң шыққан. Қабылданған жаңа заңға сәйкес электрлі самокат велосолда, веложолақтарда, 25 км/сағат жылдамдықпен жүріс бөлігінің оң жақ шетінде, оның ішінде маршруттық көліктерге арналған жолақ бойымен бір қатарда қозғала алады. Ал тротуар мен жол жиегінде, жаяу жүргіншілер жолында 6 км/сағаттан аспайтын жылдамдықпен жүруі керек. Сонымен қатар, электрлі самокат көлікке арналған жолмен жүруге тек 18 жастан бастап рұқсат етіледі. Бұған қоса, самокат тебушіде кез келген санаттағы көлікті басқару құқығын беретін жүргізуші куәлігі, түймеленген дулыға, ал тәуліктің қараңғы уақытында үстінде жарық шағылыстыратын зат болуы тиіс.

Электрлі самокаттарды жалға беру қызметін ұсынатын компанияның сыртқы байланыстар бөлімінің басшысы Даниил Капчан электромобильді көлікті қала тұрғындары қолдана білуі қажет деп есептейді.

– Электрлі самокат – жаңа көлік түрі болып саналады. Ол барлық ірі мегаполистерде бар. Қалалықтар бұл көлікке



үйреніп, оны қолдана да білуі қажет. Алматыда кәмет жасына толған барлық азаматқа самокатты қала жағдайында қауіпсіз және дұрыс пайдалану тегін үйрететін арнайы мектеп те ашылды, – дейді Д.Капчан.

Қалай десек те, жаңа заман көлігі алматылықтар үшін қай жағынан алып қарасақ та тиімді. Сондықтан оны пайдаланатындардың саны күн санап артпаса, кеміген жоқ. Самокатпен жүру ең бірінші, күн сайын жұмысқа, оқуға қатынауға ыңғайлы. Жылдам жеткізеді, қолжетімді. Самокатты сатып алудың да қерегі жоқ. Алматыда оны минуттап жалға алуға да болады. Екіншіден, өзіңіз білесіз, қалада автокөліктердің көптігінен ауа сапасы жиі нашарлап кетіп жүр. Осы жағынан алғанда экологияға еш залалсыз.

Үшіншіден, уақыт үнемдейсің, яғни кептелісте тұрмайсың, жол қысқартасың. Одан кейін көпшілігіміз таңғы 09.00-

ден кешкі 18.00-ге дейін жұмыста боламыз. Сонда автокөлігіміз 9 сағат бойы паркингте немесе көшеде жер алып тұрады. Ал самокат көлік сияқты көп орын алмайды. Бұл тағы бір артықшылығы...

Алматыда инфрақұрылым жақсы дамыған. Мәселен, велосипед жолдары желісі тек негізгі магистральдар ғана емес, сонымен қатар қаланың шеткі аудандарында да қамтиды. Бұл жолмен самокаттарға жүруге рұқсат бар. Сондықтан көлікпен сағаттап кептелісте тұрғанша, қос дөңгелекті «тұлпарыммен» диттеген жеріңе жылдам жеткенің әлдеқайда қолайлы. Кикшеринг қызметі мамандарының айтуынша, 2022 жылы самокатты 7 миллион адам теуіпті. Ал өткен жылы алматылықтар экологиялық таза көлікті күніне 130 мыңнан артық пайдаланатын көрінеді.

Қазір қала орталығында 900-ден астам құрылғы алматылықтар үшін қызмет тұр. Жаңа маусымда олардың санын көбейту жоспарда бар дейді кикшеринг қызметінің өкілдері. Ал пайдаланушылар самокатты жалға алу бағасы бұрынғыдай, өзгермеген деп отыр.

Ең бастысы, жаңа заманға ілесеміз деп жүріп, сақтық шараларын ұмытып кетпесек болғаны... Ол үшін самокат тепкіш те, жаяу жүргінші де барынша абай болса игі.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Алматы полицейлері бақылауды күшейтті

Түнгі уақытта қала көшелерінде тұрғындардың тыныштығын бұзып, ары-бері зулайтын мопедтер көп. Бұдан былай олардың мәселесі май шаммен қаралады.

Алматылық полицейлер көктем, жаз мезгілдерінде қаланың жолдарында апаттық жағдай тудыратын жекелеген көлік түрлеріне бақылауды күшейтпек. Егер осындай құқықбұзушылықтың алдын алуға бағытталған шаралар жеті жүргізілетін болса, қос дөңгелекті көліктердің қатысуымен болатын жол-көлік апаттары азаятыны сөзсіз.

Алматы қалалық полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының міндетін атқарушы Серік Шумаевтың айтуынша, қазіргі таңда қала көшелерінде рейдтер жүргізіліп жатыр. Тексеру барысында жолдарда 168 құқықбұзушылық анықталып, 13 мас жүргізуші ұсталған. Бұдан бөлек, 68 мопед және 23 самокат жүргізушісі әкімшілік жауапқа тартылса, 38 мопед айыппұл тұрағына қойылған.

